



Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп



№ 40 (400) 24 - 31 қазан, 2016 жыл

Абай аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті
(Аудандық басылым тарихы 1935 жылдан бастау алады)

Бағасы келісімді

Казгидромет хабарлайды



ҚЫС ҚАҒАРЛЫ БОЛАДЫ

Еліміз үшін алдағы қыс айлары соңғы жылдарда болмаған деңгейде қаһарлы, ерекше суық болады деп күтілуде. Бұл жайлы жуырда Астанадағы «Казгидромет» АҚ қызметкерлері ресми түрде мәлімдеме таратты. Синоптик мамандар жылдағыдан ерте келетін үскірік аяздарға дайын болуға шақыруда.

Ауа райын болжаушылар мәліметі көңіл қуантпайды. Қараша айының өзінде еліміздің солтүстік, Шығыс және орталық аймақтарында термометр бағаны - 27 градусқа дейін төмендейді деп күтілуде. Ал, еліміздің батысында, оңтүстігінде және оңтүстік шығысында күн райы - 19 градусқа дейін суытады.

Арнайы мәлімдеме жасаған «Казгидромет» АҚ гидромет орталығының директоры Марина Шмидт: «қараша айы жауын-шашынға толы болады. Қазақстандықтарды қараша айы бойы тұман, көктайғақ және қатты желдің күшеюі күтіп тұр. Ал, желтоқсан айының алғашқы онкүндігінде күн аязды болғанымен, керісінше қардың түсімі аздау болмақ. Тұрғындарға жылы киініп, алыс жолдарда көлік қозғалысының жылдамдығын қалыпты нормадан асырмауға кеңес беріледі» деп атап өтті.

Қаһарлы аязды күндер жылдағыға сәйкес, елімізге қаңтар айында келмек. Солтүстік және Шығыс өңірлерде сынап бағанасы 50 градусқа дейін төмендеуі мүмкін. Ал, қыс мезгілінің соңғы айын синоптиктер сәл де болса, жылы болады деп бағамдайды.

Ғаламтор деректерінен

Инвест-форум

КӘСІБИ ӘРІПТЕСТІК АЯСЫ КЕҢЕЙМЕК

Жуырда облыс орталығы Өскемен қаласында «Алтай Invest - 2016» халықаралық инвестициялық форумы болып өтті. Аталмыш шара аймақ басшысы Даниал Ахметовтың тікелей ұйытқы болуымен ұйымдастырылған болатын. Халықаралық деңгейдегі осынау іргелі басқосудың негізгі мақсаты әлемнің әр тарапынан инвесторлар тартып, Шығыс Қазақстан облысын дамытуға қосымша қаражат жұмылдыру және осы аймақ әлуетін көрсету болатын.

Инвестициялық форумға іскерлік байланыс орнатуға қызығушылық танытқан әлемнің 13 мемлекетінен 300-ден аса ресми өкіл келіп қатысты. Мұнымен қоса, жаһандық деңгейдегі қаржы институттарының делегаттары, Шығыс Еуропа мен Азия елдері, АҚШ, Ресей, Польша, Тәжікстан, Түркия дипломаттық корпусының өкілдері де болды.

Аталған шараның отандық бизнесті дамытып, өңірге инвесторлар тартудағы әлуеті тым жоғары екен. Мәселен, «Алтай Invest-2016» қатысушылары өз жобаларын таныстырып, менеджмент, кәсіби тұрғыда іс жүргізу және бизнеске инвестиция тарту бойынша қажетті мағлұматтарға қанықты.

Инвест-форум барысында облыс әкімі Даниал Кенжетайұлы осынау берері мол шараның жаңа идеялар, тың инновациялар мен инвестициялар үшін аса қолайлы екендігіне, тіпті, жаһандық экономиканы құруға бағытталғандығына тоқтала келе, аймағымыз үшін айрықша маңыздылығын жеткізді.

«Altai Invest-2016» халықаралық форумы аясында үш бағыт бойынша танысты-

рылым өткізілді. Атап айтсақ, өнеркәсіп және энергетика, ішкі туризм салалары бойынша тың жобалар қатысушылар назарына ұсынылды. Аталмыш бағыттар бойынша «Даму» қорының аймақтық филиалы директоры Т.Екеев өнеркәсіп және туризм салалары хақында баяндама жасап, тұшымды мағлұматтармен таныстырды. Жалпы, осынау іргелі форум барысында әлуетті инвесторларға агроөнеркәсіптік кешенде, өнеркәсіп, энергетика, туризм салаларында 927 млрд теңге сомасына аймағымыздан 84 жоба ұсынылды. Сонымен қатар, мемлекеттік-жеке серіктестік аясында 22 инфрақұрылымдық және әлеуметтік 22 нысан құрылысына байланысты әріптестік жүргізу ұсынылды. Мұнымен қоса, ауданы 278 га құрайтын, туризмді дамытуға арналған 46 үмітті орын таныстырылды. Қамти айтсақ, барлық жобаларды іске асыру 10 мыңнан артық жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді екен. Яғни, аталған шара аясында аймағымызда жаңа жұмыс орындары ашылады деген сөз.

Инвест-форумның қорытындысы бойынша облыс экономикасының әр саласында нақтыланған жобаларды іске асыру жөнінде жалпы сомасы 218 млрд теңге болатын 9 меморандумға қол қойылды. Сонымен қатар, өнеркәсіп және энергетика, ішкі туризм салаларында 35,3 млрд теңгені құрайтын 29 келісім жасалынды. Осылайша, аймағымыз бойынша кәсіптік әріптестіктің аясы кеңіп, бизнес пен инвестициялық әлуеттің арта түсуіне тағы бір мәрте қолайлы жағдай жасалынды.

Нұржан БАЙТӨС,
Қарауыл-Өскемен-Қарауыл

Тұсаукесер

ҚАЙТЯН ҚАЯДЫРАТЫН ҚАРИЯ



Абай елінің рухани қазынасы тағы бір аса құнды кітаппен толықты. Арттағы ұрпаққа жол көрсетер тағылымы мол бұл туындының авторы ұлы Отан соғысының ардагері, батагөй қария, 92 жасты алқымдаған Жағыпар Жүнісжанов. Сенсация демеске лажыңыз жоқ!

Аудан орталығындағы «Димаш-Еңлік» кешенінде өткен осынау шараға жергілікті зиялы қауым өкілдері мол жиналды. Кітаптың тұсаукесер рәсімін Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, белгілі абайлық ақын Төлеген Жанғалиев алғысөзбен ашып, жүргізіп отырды.

Ең қызығы автор кітапті оқырман қауымға 20 күн бұрын таратып беріпті. Сондағы қалағаны, туындының «жүректерге терең бойлап», оқырмандардың пікірлері мен сындарын есту екен. Өмірлік тәжірибесі мол қаламгердің бос уақытын қауырсын тербеумен өткізетіні, ең бастысы келер ұрпаққа қажетті жазбаларды қалдырып жүргені баршаңызды толғандырды. Шараның негізгі бөлімінде жасы жүзге аяқ басқан абыз ана Күләш Жакыпқызы мен Абай ауданы әкімінің орынбасары Бауыржан Болатұлы кітаптің лентасын қиып, көпшілік қошемет білдірді.

«Көп ауырып, көп жасаудың құпиясы» атты жаңа кітап ғылыми туынды емес, абыз қарияның өмір тәжірибесінен алынған пайдалы кеңестерді қамтиды. Яғни, ақсақал өзін өмір сындарында сынау арқылы ғылымнан жоғары дүниені жарыққа әкелгеніне еріксіз келісесін. «Көпті білгеннен емес, көпті көргеннен сұра!» деген нақылдың шынайы екендігін кітап мазмұнымен таныс адам есіне түсірері анық. Себебі, ұзақ ауырған, алайда, өзін күтім жасап, дұрыс өмір сүру салтын ұстанып, денсаулық сақтау, түрлі сырқаттармен күрес, тамақтану, адамдармен қарым-қатынас саласында өзіндік жаңалықтар ашқан қарияның кеңестері өте құнды. Бұл ретте өмірден түйген сырларды өзімен бірге ала кетпей, арттағы ұрпақ кәдесіне жаратсын деген мақсатпен кітап жазған 92 жастағы ақсақалдың бұл ісін ерлікке балауға болады. Ядролық полигон сынақтарынан көп зардап шеккен аймақ тұрғындары үшін бұл кітап адастырмас компастай құнды екендігін де айтқанымыз жөн. Расында, қаламгер қарт осыған дейінгі тың мағлұматтарға толы деректі туындыларымен де оқырманын тәнті етіп қана қоймай, таңырқата білген еді. 90 жасында арттағы өмір белестерін бір сүзіп шығып, қалам арқылы бір кітапқа жүк ету - таңғалдырар жайт екені анық.

Сондай-ақ, тұсаукесер рәсімі барысында ұзақ жылдар Қарауыл гимназиясында еңбек еткен ардагер ұстаз, жаңа кітаптың корректоры Мейрамгүл Қасымжанова тұшымды баяндама жасап, кітап туралы көзқарасын білдірді. Пікір білдірушілер қатарындағы еңбек ардагері Манатай Толғанбаев, облыс әкімінің қоғамдық кеңесшісі Байбота Орынбаев, әдебиетші, драматург Әсет Мырзақасым, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Төләубек Аманғазы

және бірқатар ауыл тұрғындарымен өзге де кітап оқырмандарының сөздерінен көп жайтты аңдауға болады. Осы орайда, батагөй қарияның өзі тәрізді аталмыш кітабы да өміршең болсын деген тілекпен, туындының корректоры, ардагер ұстаз Мейрамгүл Қасымжанованың ой-толғамын назарларыңызға ұсынамыз.

Құнары мол құнды кітап

Орыс педогогы Сухомлинскийдің «Адам қанша өмір сүргенімен емес, қалайша өмір сүргенімен бағаланады» - деген сөзі – Ұлы Отан соғысы ардагері, батагөй қариямыз, қолынан әлі қаламы түспеген қарт журналист, Абай елінің «Құрметті азаматы» Жақан атамның өңгелі мол өмірі мен ұрпағына қалдырған мұраларын бағалауға лайық ұлағатты сөз. Олай дейтіміз, ұзақ жасауымен ғана емес, қарттық жасына жеткен шақта тың дерек, мол тағылымға толы кітаптар жазуымен де қайран қалдыратын қария тағы буын сүбелі туындысымен таңғалдырды.

Атамыз зейнетке шыққалы бері барша жерлестерінің қала берді әр ұлтжанды қазақ баласының қолынан түспейтін, тойтомалақта бата берушінің кәдесіне жарап жүрген «Бата бере білесің бе?», «Батагөй атаның батасы» баталар жинағы, ел, жер, шежіресін насихаттайтын, «Ту тіккен Тобықтының қолбасшысы», «Отыз әулет, мың ұрпақ» еңбектері – әлі сан жылдарға, талай ұрпаққа қызмет жасап, өресін өрістететін, ерлікке ұлтжандылыққа, тектілікке жетелейтін тамаша туындылар. Ал, бүгінде қолымызға тиіп отырған «Көп ауырып, көп жасаудың құпиясы» деген еңбегі – Аллаһ берген өзінің адалдық, адамдық, азаматтық ұстанымымыз мағыналы тірлік жасап келе жатқан бабамыздың өз өмір тәжірибесінен түйгенімен медицина ғылымын зерделей оқып, жазған тұжырымдары мен тұшымды ойлары баяндалған біз үшін құнды еңбек.

(Басы. Соңы 7 бетте)

НӨМІРДІҢ
АҢДАТПАСЫ

АБАЙ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ



4 - бет

МЕДЕУДЕ СҮЙСҒАҢДҒЕР
ЖАҒАЛЫҚ КӨП



5- бет

ФИНАЛДЫҚ ОЙЫҢА
ЖОЛДАМА АЛДЫ



8 - бет

Абай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 қыркүйектегі № 5/3-VI шешімі Шығыс Қазақстан облыстық Әділет департаментінде нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылы 17 қазанда № 4693 болып енгізілді

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын Абай ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 386-бабының 5-тармағына, 444-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын Абай ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салықтарының мөлшерлемелері 10 (он) есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы А. МҰҚАТАЕВ
Мәслихат хатшысы Е. ЛДИБАЕВ

ЖАТ АҒЫМДАРДАН САҚТАНДЫРДЫ

Халқымыздың сан ғасырдан бергі тарихында аты аңызға айналған, ел бастаған хандар мен билері, қол бастаған батырлары елдің амандығын, тыныштығын сақтау жолында мол үлес қосқаны белгілі. Ел іргесінің берік болуы, ішкі тұрақтылық пен ынтымақ қаман да өркендеу, даму мен бақуаттылықтың кепілі болмақ.

Хақ дініміз Ислам күллі адамзатты бауырмалдылыққа, кешірім мен қайырымдылық жасауға шақырады. Бұл ретте Тәуелсіз еліміздің ертеңін ойлаған әрбір ұлтжанды азаматтың басты мақсаты - байтақ елімізде бірлік, ынтымақ, сүйіспеншілік пен өзара татулық орнату болуы керек. Аталмыш мүдде жолында жер-жерлерде түрлі шаралар қолға алынып, ұйымдастырылуда. Мәселен, 18-ші қазан күні Ж.Молдағалиев орта мектебінің тарих және дінтану пәндерінің мұғалімі Жаман Гүлсім Қадақсызы, ауыл имамы Әділет Шыңғысбай, алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Қарымсақ Құрман және ауылдық клуб меңгерушісі Әдікәй Мараттардың ұйытқы болуымен «Жалған діндер – ғасырлық адасу» тақырыбында

мектеп оқушылары мен, ауыл жастарымен кездесу кеші өтті.

Шара барысында дінтану пәнінің мұғалімі Жаман Гүлсім «Дінаралық тұрақтылық және ұлтаралық келісім - татулықтың тірегі» атты баяндама оқыды. Ал Қарымсақ Құрман «Діни экстремизм» жайлы кенінен түсінік беріп, айтып өтті. Сонымен қатар, ауыл имамы Шыңғысбай Әділет іріткі мен кикілжіңге бастайтын адастырушы діни ағымдар мен олардың алдын алу жолдары жайлы арнайы тоқталды.

Жыны барысы тартымды өрбігендіктен бе, жастар тарапынан түрлі сауалдар қойылып, тұшымды жауаптар да алынды. Кеш соңында тәрбие ісінің меңгерушісі Өтепбергенова Арай қорытынды пікір білдіріп, жас буынды отаншыл болуға шақырды.

Аталмыш іс-шараның соңынан «Жалған діндер - ғасырлық адасу» атты тақырыпта танымдық, тағылымдық мәні зор бейнеролик көрсетілді.

Әдікәй МАРАТ,
Токтамыс ауылдық клубының
меңгерушісі.

РЕФОРМА АЯСЫНДА

Өткен жылдың мамыр айында, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әлемнің дамыған 30 елдердің қатарына кіру мақсатында бес институционалды реформаларды жүзеге асыру үшін 100 нақты қадамдарды белгілеген. Солардың ішіндегі соңғы 10 қадам «Есеп беруге міндетті үкіметті қалыптастыру» реформасын іске асыруға бағытталған.

Атап айтқанда, 94-ші қадамда Ашық үкіметті, ал 96-шы қадамда орталық мемлекеттік органдардың статистикалық деректер базасына онлайн-қолжетімділікті жүзеге асыру міндеттері белгіленген.

«Ашық үкіметтің» мақсаты - ашық және халық алдында есеп беруге міндетті мемлекетті құру, азаматтардың мемлекеттік басқару саласындағы құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мен жаңа технологияларды мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру үшін қолдану болып табылады.

2015 жылдың 16 қарашасында «Ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заңы қабылданып, 2016 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді. Бұл Заңда Ашық үкімет порталдарында жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратты орналастыру үшін ережелер белгіленген.

Ашық үкімет мынадай 5 компоненттен тұрады: ашық деректер, ашық НҚА (нормативтік құқықтық актілер), ашық диалог, ашық бюджеттер және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау. Бес порталдың ішінен төрт портал қазіргі кезде жұмыс істеді, ал мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалау порталының іске қосуын ағымдағы жылдың соңына дейін жүзеге асыру жоспарланып отыр.

АШЫҚ ДЕРЕКТЕР

Ашық деректер – мемлекеттік органдардың машина оқи алатын түрде жалпыға бірдей қолжетімді ақпараттардың орналасатын алаңы. Үлкен көлемде түрлендіріліп, өңделіп, соңынан сақталатын мемлекеттік органдардың ақпараттарды көп жағдайда сол мемлекеттік органның мұражайында қалып қайта пайдаланбайды. Алайда, дұрыс пайдаланылған кезде, бұл ақпарат үлкен пайда әкелуі мүмкін. Ашық деректер порталын жүзеге асырудың себебі – дәл осы мемлекеттік органдардың ақпараттарын пайдасыз жүк ретінде сақтатқызбай, керісінше жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратқа айналдырып бір ресурста жариялау болып табылады.

Кез келген адам бұл ақпаратты қарап шығып, талдап, өңдеп, белгілі бір қорытындыларды шығарып өз жұмысында, ісінде пайдалана алады. Ал қосымша

бағдарламаларды жасаушыларға келетін болсақ, олар да осы ақпараттың негізінде сатуға болатын өнімді шығара алады.

Өткізілген конкурс/хакатондардың аясында әк-дан астам қосымшалар әзірленді. Қазіргі таңда порталда 2040-тан астам деректер диынтығы қолжетімді.

АШЫҚ НҚА

Ашық НҚА (нормативтік құқықтық актілер) – Ашық үкіметтің тағы бір компоненті болып табылады. Бұл портал қоғамдық бастамаларды, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын және де мемлекеттік органдардың шешімдерін сараптауға азаматтардың қатысуын қамтамасыз етеді. Осыған дейін электрондық үкімет порталында міндетті түрде мемлекеттік қызметтердің стандарттары талқыланған болса, «Ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заңының қабылдануының арқасында мемлекеттік қызметтердің стандарттарымен қоса барлық заң жобалары мен НҚА жобалары да міндетті түрде ашық НҚА порталында қоғамдық талқылаудан өтуде.

Осы күнде 4000-нан астам нормативтік құқықтық актілердің жобалары мен заң жобаларының тұжырымдамалары қоғамдық талқылаудан өтті.

Енді барлық мемлекеттік органдар өздерінің НҚА жобаларын порталда жарияламақшы, бұған қоса талқылау нәтижелері бойынша есептер де жарияланбақ.

АШЫҚ БЮДЖЕТТЕР

Портал азаматтардың мемлекеттік «бюджеттік жоспарлау» ұғымының тұжырымдамасымен тереңірек танысып, белсенді азаматтық позицияны бюджет қаражатының жұмсалудың қоғамдық бақылауы арқылы дамыту үшін құрылған.

«Ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заңына сәйкес Ашық бюджеттер порталында бюджеттік есептілік, шоғырландырылған қаржы есебі мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелері туралы ақпарат орналаспақ. Сондай-ақ, бюджеттік бағдарлама жобаларының және өткен қаржылық жыл бойынша бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерінің қоғамдық талқылауы өтеді.

Қоғамдық талқылау, мемлекеттік бюджет қаражатын бөлу үрдісіне халықтың белсенді қатысуы арқылы, азаматтар мен үкімет арасындағы өзара қатынасты нығайтуға бағытталған.

Азаматтар, мемлекеттік органдар ескеріп, алдағы жұмыстарында есепке ала алатын ұсыныстарды, бюджеттік бағдарламалар жобалары/бюджеттік бағдарламаларды іске

Решение Абайского районного маслихата от 20 сентября 2016 года

№ 5/3-VI зарегистрирован в Департаменте юстиции Восточно Казахстанской области в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 4693 от 17 октября 2016 года

О повышении базовых ставок земельного налога и ставок единого земельного налога на не используемые в соответствии с земельным законодательством Республики Казахстан земли сельскохозяйственного назначения Абайского района

В соответствии с пунктом 5 статьи 386, пунктом 1 статьи 444 Кодекса Республики Казахстан от 10 декабря 2008 года «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и подпунктом 15) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Абайский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Повысить базовые ставки земельного налога и ставки единого земельного налога в 10 (десять) раз на не используемые в соответствии с земельным законодательством Республики Казахстан земли сельскохозяйственного назначения Абайского района.

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель сессии А. МУКАТАЕВ
Секретарь сессии Е. ЛДИБАЕВ

НАШАҚОРЛЫҚ - КАУІПТІ ДЕРТ

Нашақорлық - қауіпті дерт. Күшті есірткілер бірнеше аптаның өзінде-ақ, адамның рухын бой ұсындырып, бірнеше жыл ішінде адам өмірін бұзып, адам бұл жаман әдетсіз тұра алмайтын, қорқақ, ешкімге керексіз жанға айналуы мүмкін.

Нашақорлықты емдеу - қоғамның басты проблемасы болып, адамдарға оның не екендігін және оған қарсы қалай күресу керек екендігі жайлы үнемі айтып отыру керек. Әсіресе, нашақорлықтың зияны туралы жастарымызға көп насихат айту олардың бұл жаман әдетке деген жіркеністілігін тудырады. Қазіргі күнде есірткінің зияндылығы, адамдардың оған нәліктен құмартатындығы және сонында оған қалай тәуелді болып қалғанын да білмейтіндігі, тағы басқа туралы

бүгінде кітапшаларда, баспасөз беттерінде аз жазылып жүрген жоқ.

Есірткі - адамның миын улайды, рухани аздырады. Оған қосылған кейбір қосындының кесірінен организм оған тез үйреніп қалады. Сондықтан салауатты өмір салтын барынша насихаттауымыз керек. Балалардың жаман әдетке бой ұрып, араласатын ортасына ата-аналар аса мән беруі қажет. Балаға жастайынан тәлім - тәрбие беріп, жат қылықтардан аулақ болуын қадағалау керек. Сол себептен де, тәрбие мықты, жанұя беріктігі мұнда аса маңызды рөл атқарады.

Ә.А.КАСЕНБАЕВА,
Қарауыл ауылдық округі әкімі
аппаратының бас маманы

АДАМДЫ САУДАЛАУ

Адам саудасы (адам траффигі) – бұл аңыз әңгіме емес. Жыныстық эксплуатация, мәжбүрлі еңбек, қарыздық құлдық, балалар еңбегін пайдалану, «үй жағдайындағы» құлдық, қайыршылық, қару-жарақ құрылымдарында адамдарды күштеп пайдалану, органдары мен тінін дерін трансплантациялау үшін адам сату – осының барлығы бір қылмыстың жантүршігерлік формалары. Адам саудасының барлық түріне құрбандарды бас бостандығынан заңсыз айыру, зорлық-зомбылық пен қорқыту тән.

Адамдар құлдыққа әр түрлі жолмен түседі. Көп жағдайда жастарды «айлығы жақсы, тұруға барлық жағдай жасалған, некеге тұруға немесе жоғары білім алуға мүмкіндігін бар» деген ұсыныстармен еліктіреді. Әдетте, мұндай қауіпке 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер, 18-25 жас аралығындағы жастар, 30 жасқа дейінгі жас әйелдер ұрынады. Адам саудасы ер-азаматтардың еңбегін, қыз-келіншектердің тәнін саудалаумен шектелмейді. Әсіресе, жас балалар саудасының өршу себебі олардың организміне сұраныс басым.

«Қарауыл ауылдық округі әкімі аппара-

асыру туралы есептері бойынша ой-пікірлерді енгізуге құқығы бар.

АШЫҚ ДИАЛОГ

Ашық диалог - мемлекеттік органдар мен жұртшылық арасындағы тиімді кері байланыс орнатуға арналған платформа (алаң).

Бұл компонент бұған дейін қолданылып келген. Мемлекеттік органдар басшыларының блог-платформасы мен Жергілікті атқарушы органдарының Интернет-конференциясын, және де жанадан пайда болған «Сауалнама» жүйесі мен «Байланыс желісінің халықтық сапа бақылау» сервисін қамтиды. Электронды және мобильді үкімет арналарына арналған сауалнама жүйесі 2015 жылдың аяғында іске қосылған.

Сонымен қатар, қазіргі таңда жергілікті атқарушы органдары өкілдерімен 165 интернет-конференциялары өткізіліп үлгерсе, мемлекеттік органдар басшыларының блог-платформасына ондаған мың өтінімдер келіп түскен.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Бұл компонент азаматтар мен үкімет арасындағы өзара іс-қимыл мен қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталған. Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлардың нысана индикаторларына қол жеткізу жөніндегі баяндама-есептері жарияланып мемлекеттік органдардың қызметі қоғамдық талқылауда бағаланатын болмақ. Порталдың іске қосылуы 2017 жылдың басына қарай жүзеге асырылмақ.

ШҚО әкімі аппаратының
ақпараттық технологиялар және
мемлекеттік қызметтер мониторингі
бөлімі



Табиғат және біз

ОРМАН-ТОҒАЙДЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАУЫҚ

Өрт - тілсіз жау. Бұған дейін де талай орманды алқаптарды жалмаған өртті болдырмау қоршаған ортаны қорғаушылардың қолында. Орман өрті — абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шок, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі — ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды.

Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш қурайды, жел дауылда сынғыш келеді. Орманда зиянды жөндіктердің, ағаш ауруларының таралуына қолайлы жағдай туады. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады, от қызуы 400 — 9000С-қа жетеді, жалын 0,5 — 1 м-ге көтеріледі, өрт сағатына 0,25 — 5 км жылдамдықпен таралады. Көлемі кішкене шарпыма өртті топырақ, химиялық заттар (диамоний фосфат, аммоний сульфаты, т.б.), су шашып, жасыл бұталармен соққылап сөндіреді. Қаулама өрт жалыны ағаш басын шалады, оның бұтақтары, жапырақтары жанады. Өрт жел бағытына, күшіне қарай сағатына 5 — 25 км-ге дейін өршиді. Жер астындағы көлемі өртте топырақ арасындағы өсімдік шірінділері, шымтезек жанады, от жалыны көбіне сыртқа шықпай, бықсып жанады. Мұндай өртті өшіру үшін жанған жердің айналасын тереңдігін ыза суға жеткенше, енін 1 м етіп ор қазады. Орман өрттері үлкен жылдамдықпен тарайды және жердің орасан үлкен аумағын өртеп жіберуі мүмкін. Ол кез келген жерде тұтанады. шаруа қожалықтары ауылдық округтік әкімдіктер, орман шаруашылығы қызметкерлері дала өртіне жол бермей, өрт қауіптілігі ережелерін сақтап, газет, теледидар, радио арқылы халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, табиғат байлықтарын сақтап, қорғау жолында күресу керек.

Орман өртінің пайда болуына 90 пайыз

адамдар кінәлі: орман-тоғайда өртке қарсы ережелерді білмеуінен немесе білсе де өртке қарсы ережелерді сақтамауынан, орман-тоғайда жұмыс істеп жүрген демалушылардан кейін өшірілмей қалған от алаулары, автокөлік пен тракторлардан шыққан ұшқын, сөндірілмеген темекі қалдығы, т.б. Осының салдарынан қурап тұрған шөп тұтанып, үлкен өртке айналады. Өрт шыққан сәтте жел соғып, дауыл тұрып, қас-қағым сәтте үлкен алқап жанып кетеді. Егер орманшылар мен әуелен қорғайтын өрт сөндіруші десантшылар тез шара қолданып өшірмесе, халық шаруашылығы миллиондаған теңге шығынға ұшырайды. Ал орман-тоғайдың адам өміріне берер пайдасы өте көп: оттегі, денсаулық, ауа райын жұмсартып, халықтың демалатын орны, таудағы, орман-тоғайдағы қыста жауған қар мен мөңгілік мұздардың тез еріп кетуіне кедергі жасап, көктемнен күзге дейін таудың басындағы бұлақ көздерін сумен толтырып, олар өзін арналарына құйылып, ауыл шаруашылығын, егін суаратын сумен қамтамасыз етеді. Орман-тоғайлардың көп өртенуінің салдарынан өзендердің сулары азайып, көлдердің деңгейі төмендеп, тартылып жатыр. Мұндай жағдайлар бүкіл жер жүзінде болып жатқан құбылыстар. орман-тоғайға, тауларға демалуға барған халыққа солай жасап, тәртіп орнатпаса? Орман өрттерін өшіруден сақтандыру жеңіл.

Көбіне саяхатшыларымыз жақсы, табиғаты сұлу жерлерге барып демалады. Сондықтан әрқайсысы өрт қауіпсіздігін сақтап, сөндірілмеген темекі қалдығын, жағылған сіріңкені тастамай, от алауын өшіріп, отырған орындарын тазалап кетулері керек.

Сайып келгенде, әрбір жан табиғат апатын, орман-тоғай өртін болдырмауға тырысу керек. Табиғатқа шынайы жаны ашуы керек деп ойлаймын.

Нұржан ТАУТАНОВ,
Орман шаруашылығы инспекторы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҮРГІЗУГЕ ӘР МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАР ӨЗ ҚҰЗЫРЕТІ ШЕГІНДЕ МІНДЕТТІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Елбасының қатаң талабы — сыбайлас жемқорлықты болдырмау, онымен барынша күресу. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 6-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асырушы органдар деп барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті делінген. Кез-келген мемлекет құқықтық жүйесінің негізгі принциптеріне, сәйкес, адалдықты және параға сатылмаушылықты, ашықтық пен жауапкершілікті бейнелейтін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді саясатын жүргізеді.

Осы талаптарды біле тұра, кейбір азаматтар, мемлекеттік қызметкерлер қателіктер жібереді. Мүмкін, заңды білмегеннен, әлде бір жолға ештеме болмас деп, қаншама адамдар өзінің көп жыл атқарған жұмыстарын, көп жыл бойы жинаған тәжірибелерін жоққа шығарады.

Барлық мекемелерде сыбайлас жемқорлық бойынша жұмыстар жүргізіледі. Дегенмен, әлде де сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу қажет. Осы мәселеге қатысты іс шараларды ашық, жариялы түрде жүзеге асыру қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және олардың жасалуына айыпты адамдарды жауапқа тартуды өз құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекара қызметтері, қаржы полициясы мен әскери полиция органдары жүзеге асырады. Дегенмен, көбісі, қасында жүрген қызметкердің дұрыс жолдан тайып жүргенін байқасада, мән бермей, «өзі білсін» деген идеология қалыптасып кеткені байқалады. Осындай көзқарас — жемқорлыққа жол береді. Егер Қазақстан

азаматы қасында жүрген қызметкерге дұрыс жол сілтеп, жасап жүрген қылмыс дұрыс емес екенін сыпайы түрде жеткізіп, адамдар бір-біріне жаны ашып, келешегіне қауіп төніп тұрғанын, тек қана өзін ойламай, ата-аналарын, бауырларын, жанұясын қорғау үшін дұрыс жолмен жүргенін қалайтынын айтып жеткізіп отырса, қасындағы адам ойланар, мүмкін айтқанын тыңдап, мұндай жолға түспей мүмкін болар еді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі №267-І Заңына сәйкес, барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Бұл ретте, сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және оның жасалуына айыпты адамдарды жауапқа тартуды өз құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекара қызметтері, қаржы полициясы мен әскери полиция органдары жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, Занда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органдарға басқа мемлекеттік қызметші, құқық қорған органдарының қызметкері жөнінде сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық фактісі туралы көрінген жалған ақпарат хабарлаған мемлекеттік қызметші, құқық қорған органының қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуші органның ұсынуы бойынша тәртіптік ретпен қызметінен босатуға немесе тиісті міндеттерді атқаруға өзгеше түрде босатуға дейін жазалады деп көрсетілген.

Сондықтан да, әрбір Қазақстан Республикасының азаматы сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге міндетті.

Б.С.СҮБӘТІЛҒАЗЫ,
Абай аудандық қазынашылық басқармасының басшысы



2016 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАЗАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША «БЖЗҚ» АҚ АҒЫМДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

БЖЗҚ-ның әрбір 4-ші салымшысы зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпаратты алу тәсілі ретінде хабарлаудың электрондық тәсілін таңдады.

Алматы, Қазақстан — 2016 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы шамамен 6,5 трлн. теңгені құрады. 2016 жылдың басынан бері зейнетақы жинақтары 668 млрд.теңгеге немесе 11,5% артты.

2016 жылдың 9 айында түскен зейнетақы жарналарының сомасы 510 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап әскери қызметшілер мен әлжетті құрылымдар қызметкерлерінің пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызын қайтару жүзеге асырылуда. Осылайша, 2016 жылдың тоғыз айында мұндай қайтарулардың жалпы сомасы 145,7 млрд. теңгені құрады.

2016 жылдың тоғыз айында салымшылардың ЖЗШ-сына есептелген таза инвестициялық табыс сомасы 432,57 млрд. теңге.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 қыркүйек аралығында БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша табыстылық күнсыздандудың 5,6% деңгейінде 7,3% құрады.

«БЖЗҚ» АҚ сайтына (www.enpf.kz) жүйелі түрде инвестициялық қоржынның құрылымы туралы толық ақпарат орналастырылады және инвестициялық қызметке шолу жасалады.

2016 жылдың 9 айында БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерінің сомасы — 130,45 млрд. теңге, оның ішінде сақтандыру ұйымдарына аударымдар — 14,61 млрд. теңге.

Барлық шарттардың түрі бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының саны 10,11 млн. бірлікті, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен 9,66 млн. бірлікті құрады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың ЖЗШ саны 411 мың, ал ерікті зейнетақы жарналары бойынша 39 мыңды құрады.

Бүгінде салымшы (алушы) жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты БЖЗҚ-ның 232 дербес қызмет көрсету орталығының бірін, пошта байланысы арқылы, электрондық пошта арқылы, www.enpf.kz сайтынан немесе ұялы қосымша арқылы ала алады. 2,5 миллионға жуық адам немесе әрбір 4-ші са-

лымшы зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат алу тәсілі ретінде хабарлаудың электрондық тәсілін таңдаған. Осылайша 214 мыңға жуық адам үзінді көшірмені электрондық мекенжайға алады және 2,3 миллион адамның сайт арқылы немесе әртүрлі операциялық жүйелерде жұмыс істейтін смартфондар мен планшеттерге арналған «ENPF» ұялы қосымшасы арқылы ақпарат алу мүмкіндігі бар. Жыл басынан бері ұялы қосымшаны жүктеп алу саны 245 мыңнан астамға артқан және 2016 жылғы 1 қазанда жүктеп алу 357,9 мыңға жетті. Оның ішінде Android платформасындағы қосымшаны 289,6 мың рет жүктеп алған, iOS — 62,2 мың, Windows Phone — 6,1 мың.


2015 жылдың ақпан айында «Бірінғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат (инвестициялық табыс ескерілген) беру» қызметін іске қосқан сәттен бастап 2016 жылғы 1 қазанға дейін электрондық үкімет порталы арқылы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарынан 330 мың үзінді көшірме берілген.Салыстырып көріңіз, жыл басында портал арқылы 125 мың үзінді көшірме берілді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері — Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz

2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін Жария ету!



УАҚЫТ КЕТІП БАРАДЫ! ЗАҢДАСТЫРУҒА АСЫҚ:

ҚР және шет елдегі ақша

ҚР және шет елдегі мүлік

Бағалы қағаздар

Қатысу үлесі

Сенің мүмкіндігің
ЖАРИЯ ЕТУ
2016ж.

ШҚО МҚД



Даналыққа тағзым

АБАЙ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

«Абай сөзі - қазақтың бойтұмары. Абай мұрасы - қазақтың ең қасиетті қазынасы».

Нұрсұлтан Назарбаев,
Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті.

Тәуелсіздік атты ұғымға берілетін анықтама көп бүгінде. Өңге де, жырға да арқау болған айрықша тақырыпты сан қырынан толғауға болады. Ширек ғасырға аяқ басқан ел егемендігі жайлы сөз еткенде осыдан 25 жыл бұрын зор белестерді бағындырамызды болжай да алмаған едік. Ал, бүгінгі таңда – міне, бейбіт елдің еркесіміз. Азат елдің арда ұрпағы Тәуелсіздік туралы пікір қорытқанда сан-саққа ой жүгірте алады. Бұл ретте ұлылар топырағында өскен менің де айтарым бар...

«Менің Тәуелсіздігім» менің ауылымнан басталған болатын...

Абай елі – қазақ елінің руханият әлемінің орталығы, қара өленнің қағбасы. Өлең, сөздің пайғамбары, хакім Абай дүниеге келген шежірелі Шыңғыстау қаймана қазақ үшін жаңашыл сипаттағы ақыл-ой дарытқан құт мекен. Алайда, Тәңірі өзінің осындай үлкен тартуы үшін бұл өлкеден үлкен өктем де алыпты. Қастерлі өңірге басылған қасірет таңбалары аз емес. Бүлдіргені сұқтандырып, боз жусанының жұпары көш жерден мұрын қытықтар, көк шалғыны көрпедей өлкенің ұйыған тыныштығын ядролық сынақтар бұзды. Ұлы дала төсін у мен өрт алды. Жергілікті жұрт «атом» дегенді естігенде аза бойы қаза тұрады. Себебі, олар бейбіт заманның өзінде белгісіз майданның құрбаны болғандарын Тәуелсіздік алған кезде ғана түйсінген болатын.

1949 жылдың 29 тамызы - мамыражай мекен үшін «кияметтің» басталған күні саналады. Алғашқы ядролық қарудың алапат залалы туралы деректерді бүгінгі ақпарат құралдары ашып жазып жүр. Семей полигонында ресми дерек бойынша 456 ядролық және термоядролық атом бомбалары сыналып, 616 жарылыс жасалған. Оның 116-сы жер бетінің ашық кеңістігінде жарылған. Төңіректегі тіршілік атаулы көшкен жұрттың орнындай тұлданып, тіршілік атаулы адам қолымен жасалған тамуқ құрсауында қисапсыз қырылды. Ал, жергілікті тұрғындар жарылыс сәтіндегі сәулелену салдарынан орасан зардап шекті. Экологиялық аймақта жүрек-қан тамыр аурулары, қатерлі ісіктің бұрын-соңды естіп-білмеген түрлері, құрсақтағы сәбилердің патологиялық ақаумен өмірге келуі, психо-неврологиялық дерттің күрт асқинуы белен алды. Суицид көрсеткіштерінде де шек болмады. Және мұндай шығындардың 40 жылға созылған қырғыннан кейін де әлі күнге дейін екпінін баспағаны ешкімге құпия емес. Өрісінен от, отбасынан құт қашқан момын ел сонда да өзі құрметтеген кеңестік идеологияның жаппай қырып-жоятын қаруларды сынау саясаты мен физик ғалымдардың «ессіз экспериментіміз» деп ойламаған еді.

Тек 1989 жылдан бастап қана сең қозғалды. Орасан зор зардап әкелген сынақтардан зәре-зап болған абайлықтар «Невада-Семей» халықаралық ядролық қаруға қарсы қозғалыс сапында шеруге шықты. Күллі әлемге, бейбітшілік сүйгіш барша адамзатқа үндеу жасады. Ал 1991 жылы 29 тамыз күні қазақ даласына алапат қайғы-қасірет әкелген Семей сынақ полигоны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың шешімімен жабылды. Расында, бұл жаһан бойынша тұңғыш әрі теңдессіз тарихи оқиға болатын. Әлемдік державалар арасындағы геосаяси текетіреске қарамастан, кейбір солшыл саясаткерлердің «атом шоқпарын тақымға бассақ ешбір дұшпан батып келе алмайды» деген шала пікіріне қарамастан маңызды қадам жасалды.

Осылайша, 40 жылдан астам уақыт запыран төктіріп, қасірет тартқызып жарылыстың үні мәңгілікке өшті. Бұл – Елбасының ұлы шешімі, ұлылар еліне деген алғашқы жаңашыр һәм ерен қамқорлығы болды. Киелі мекенді «ажал аждаһасынан» азат ету арқылы ұлт көшбасшысы қазаққа жаңа дәуірдің даңғылын салып берді.

Жаппай қырып-жою қарулары сынақтарынан зардап шеккен полигон аймағындағы тұрғындарға мемлекет тарапынан экологиялық жәрдемақылар тағайындалып, қазіргі күні әр тұрғынға зейнет демалысына шығу мерзімі қысқартылды. 1992 жылы мамырда Семей полигонының базасында, Курчатов қаласында ұлттық ядролық орталық құрылды.

Ауызынан от шашатын аждаһалар туралы ертегіні бала шақтан оқып өсіп едік. Сонда зұлымдықтың жеңіліп, аждаһаның басын шабатын бір батырдың шығатынына сенетінбіз. Елбасының бұл шешімі сол ертегінің шынайы өміріміздегі көрінісіндей болды. Ағымдағы жылы Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанына 25 жыл толды. Бұл ел егемендігінің ең алғашқы асқақ шешімі болды. Сол себепті, аудан халқы үшін Тәуелсіздік мерекесі - ең Ұлы мейрам!

Негізгі бата мен лебізді бата

1991 жылы 1 желтоқсанда өтетін сайлаудың қарсаңында Нұрсұлтан Әбішұлы арнайы жұмыс сапармен, жергілікті халықтың жағдайымен танысу мақсатында һәм Абай, Шәкәрім кесенелерін зиярат ету үшін Абай ауданына келген болатын. Осынау сапарында Елбасы тұрғындармен емен-жарқын жүздесіп, ел ықыласына бөленді. Сол бір күндерде небары үш жастағы Серік Әсетұлы қолына алып көтергенін де дүйім жұрт бүгінге дейін әңгімелеп айтып отырады. Сол

Серік қазіргі уақытта аудандық қазынашылық басқармасында белді қызмет атқаруда.

Осылайша, көп ұзамай жалпыхалықтық Президент сайлауында Нұрсұлтан Назарбаев 98,8% дауыс жинады, Қазақ КСР-нің президенттігіне сайланды. Ең қызығы сайлаудан кейін 15 күн өткен соң Қазақстан өз егемендігін жариялады. Осылайша, тұңғыш мемлекет басшысы мен жас Тәуелсіз елдің жаңа қадамы, жаңа дәуірі басталды. Бұл Назарбаев модулінің қалыптасудағы алғашқы кіріспе болатын.

Сайлаудан кейін, мемлекет басшысының осынау мәртебелі лауазымды атқаруға кірісер алдындағы ант беру салтанатына Абай елінің Шыңғыстаудың абызы, белгілі халық ақыны Шәкір Әбенов арнайы шақырылған болатын. Батағөй ақсақал күллі қазақ елінің атынан, ақсақалдар атынан Тұңғыш Президентімізге бата беріп, алдағы ұлы жолына тілеулестігін жеткізді.



«Сарыарқа – туған жерім, елім – қазақ Қазақ елі ежелден көкседі азат. Көп естіп, көпті көріп, аз білсем де, Мен бір ғасыр күәсі – экспонат. Біз көрген зобалаңда, қуғын-сүргін, Енді ешкім көрмес үшін қанды қырғын, Бар ұлттың тілін тауып, табыстырған, Нұрсұлтаным, жұлдызың жанды бүгін. Зерек ақыл, зерделі ой, батыл жүрек, Жаман ат жапсыра алмас қатыр тілеп. Қарадан хан туған деп қадірлеген, Қазағың ғұмырыңды отыр тілеп. Абылайым бүгінгі Сен емес пе? Қазағым өзге жұртпен тең емес пе?! Халқыңа Тәуелсіздік нұрын шаштың, Тар асу, тайғанақ жол, кер белесте. Ақ киізге көтеріп, хан сайласқан, Қарт атаң тоқсан бірде мен емес пе?!»

Халқың сүйген перзенті екенсің, енді сол халқың айтар бата берейін. Қазақта бата деген екі түрлі болады: бірі - негізгі бата, екіншісі - лебізді бата. Негізгі бата - халықтікі. Халық қастерлеген басшысына адал қызметі үшін батасын өзі береді. Лебізді бата дегеніміз – халықтың тапсырған аманат-тілегі, келешекке үміт-сенімі. Ол, негізінен, үш міндетке саяды: Дүниенің бар игілігін өндіретін жұмысшы, дикан, мал өсіруші қауымның табан ақысын, маңдай терін зая кетірмей, ысыраппа ұшыратпай ұқсатып, халықтың қажетіне, игілігіне жарату; Осыған келері жасап, кесел келтіретін суыққол сұғанақтарға, қиянатшыл-зорлықшыл зұлымдарға тыйым салу; Қошметішлі жағымпазға бой алдырмай, өз ісіне де, өзеге де сын көзбен қарап, қате кетсе, өзін түзей білу. Осы үш талап үдесінен көрінген басшы ел сенімін ақтары шүбәсіз, анық. Ендігі менің лебізді батам, тұжырым-түйінім мынау: Иллаһи аумин! Халыққа береке, мынау қиын заманда бірлік беріп, ел тізгінін ұстап, еркіндікке жеткізген Нұрсұлтанның атак-даңқы, абыройы зорайып, тарихтың бетіне басылатын болсын!.. Аллаһу ақбар!», - деген екен сол кезде жасы жүзге қадам басқан ел абызы. Бабалар дәстүріне сай Шәкір Әбенов берген бұл бата-тілек қабыл болып, тек Елбасының ғана емес, еліміздің көсегесі көгергеніне бүгінгі буын куәміз. «Батамен ер көгерер» деген осы болар, сірә.

Мемлекет басшысының Шығыстың шырайы Шыңғыстау өңіріне жасаған келесі сапары мүлде өзгеше, тың мағынаға ие болды. Сонымен қоса, тарихи сипат алды. Ол 1995 жылы болатын. Өткен күндер еңісінде алтын әріптермен жазылатын бұл мезеттің Абайдың рухани мұраларын жаңғыртуда өзіндік үлесі бар. Олай дейтін себебіміз, бұл жылы хакім Абайдың



150 жылдық мерейтойы бүкіл жер шарының мәдени-рухани үрдісін жандандырушы беделді халықаралық ұйым – ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен болатын. Аталмыш ұйым басшысы, көрнекті қоғам қайраткері, әлем таныған ақын Федерико Майор Елбасының шақыруымен осы тойға өзі де қатысты.

Осы арада ерекшелеп айтар бір жайт бар. Сарыаркының

сайын даласында еркін жүзіп келе жатқан қос желкенді кемеді әсер қалдыратын Абай, Шәкәрімнің алып мемориалды кесенелері тұрғызылды. Бұл игі іс Елбасының бастамасымен жүзеге асқанын көпшілік біле бермәуі мүмкін. Ақтаудың қашалған өк тасынан көтерілген айрықша архитектуралық құрылыста Римдегі Колизей макетіндегі



өсем амфитеатр салынып, айнала жер асты кітапханасы болып жасакталды.

Бұған қоса, тек Абай ауданында ғана емес, сол кездегі облыс орталығы Семей қаласында да Абай есімімен байланысты көптеген жаңашылдықтар орын алды. Қала мен Қарауыл ауылын жалғайтын тас жол төселіп, заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтың туған жері Бөрілі көріктендіріліп, махаббат символы «Еңлік-Кебек» кесенесі жөндеуден өтті, тойға қатысушы қонақтарды сары дала төсінен қарсы алып тұрғандай болды. Қарауылға 1600 ақшаң киіз үйлер тігіліп, ұлттық спорт түрлерінен дүбірлі додалар өтті. Замана заңғары Мұхтар Әуезов Абай есімін әлем әдебиетіне енгізіп, бір аспандатса, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы ұлы ақынды жер-жаһанға тағы бір мәрте паш етті. Сол күндерден бастап төрткүл дүниенің төрт бұрышында Абай ескерткіштері тұрғызылып, хакімге көше аттары беріліп, шығармашылығы өркениетті елдердің тілдеріне аударыла бастады. Бұл үрдістің тіні үзілмей әлі де жалғасын тауып келе жатқанына куәміз. Мәселен, қазақ фольклорында жиі айтылатын Үнді мен Мысыр елінде қазақ ақынына құрмет көрсетіліп, мүсінінің қойылуы осы сөзімізге дәлел.

«Жалпы біз қазір қолға алып жатқан көп бастаманың дәйектемесін басқа жақтан іздеудің қажеті жоқ. Бәрін де Абайдан табасын. Бүгінгі халықаралық жағдайларға байланысты ұстанып отырған мемлекеттік ішкі және сыртқы саясатымызға да жауапты Абайдан табуға болады. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген жолдардан халықтар достығы ақын үшін қатар өмір сүрудің жалаң дипломатиясы ғана емес, тіршіліктің негізгі мағынасын айқындайтын ұлы мұрат екендігі көрінеді», - деп атап көрсеткеніндей, абайтану ілімінің жаңа дәуірінің тұсауын Нұрсұлтан Әбішұлының өзі кескен болатын.

Мемлекет басшысының қасиетті мекенге келесі сапары 1998 жылы болған еді. Ол кезде де Елбасына өлкеміздің қазыналы қариясы, Ұлы Отан соғысының ардагері, қарт журналист Жағыпар Жүнісжанұлы ақ батасын берген болатын.

Жидебайға үшінші рет аяқ басқан Нұрсұлтан Әбішұлы сол кездегі Абай ауданының әкімі Қонысбай Қойшыбайұлына «Абай, Шәкәрім кесенесі тұр. Амфитеатры бар. Тек жұмысын жандандыру керек» деп тың тапсырма жүктетті. Сол кезде аудан әкімі: «Бұл жерде облыстық «Абай, Шәкәрім оқулары» ұйымдастырылып жүр. Оқушылар ақынның шығармашылығын жаттап, өндерін насихаттап, өз шығармашылығы бойынша байқауға түседі» деп жауап қайырады. Сонда Елбасы: «Олай болса, сол байқауды республикалық деңгейде өткізу қажет. Өте дұрыс бастама. Қазақ елінің әр ұланы Ұлы Абайдың өлеңін жаттап, көңілге тоқып өсуі тиіс» деп қолдау білдіреді.

Содан бері міне, биыл Абай оқулары 17 мәрте өткізіліпті. Рухани шара жылнамасына үнілер болсақ, әр жылдың өз үздіктері, өз жеңімпаздары бар. Абай мен Шәкәрім шығармашылығынан 300-ден астам өлең жаттап келетін, көкірегі сезімді, тілі орамды өрендер бар. Сондай-ақ, өз шығармашылығы бойынша ақындар аламында танылған таланттар да аз емес. Бұл республикалық байқау хакімінің мұраларын насихаттап қана қоймай, сол өскелең буынның болашағына даңғыл жол ашып берді десек қателеспейміз. Абай өсиеттерін бойтұмар тұтатын арлы жас - ел ертеңі. Ал осынау игілігі мол іргелі бастаманың көшбасында тағы да Елбасы тұр. Түйе айтсақ, Абай мен Елбасының есімдерін атағанда мәдени сабақтастықты аңғаратынымыз - зандылық.

Тобықтай түйін

Елбасының Семей жеріне жасаған бір сапарында: «Сегіз ұлым бір төбе, Ертістігім бір төбе» демекші, кең байтақ қазақ елінің өзге өңірлері бір төбе, Абай елі бір төбе» деген бейресми бір ауыз пікірі қанатты сөзге айналғалы қашан. Әлбетте, осынау астарлы ойдың сары алтынды салмағы бар. Сарында, қазақ халқының әрбір әйгілі тұлғаларының Абайға айналып соқпағаны болмаған. Солардың ішінде мемлекет басшысы, еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Абайды насихаттауға, хакімді күллі әлемге танытуға күш салғаны өз алдына бір пара әңгіме. Оның ішінде Абай жерін атом аждаһасынан арашалап алуының өзі неге тұрады?

«Ақыл қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласын елден бөлек» деп дана ақынның өзі айтқандай, бүгінде сарабал саясатымен әлемді мойындатқан Елбасының Абайға деген құрметі, ықылас-ілтипаты тіптен ерекше. Оған Ұлт Көшбасшысының әр жылдарда жарық көрген деректі туындыларындағы бірқатар тақырыптарға Абай сөзін түздік етуі дәлел болса керек. Ал біздің айтарымыз біреу ғана. Абайдың Алаш баласына өсиет еткен «кемел адам» атты философиялық ұғымын Елбасының да мұрат тұтқаны һәм бойынан көрініс тапқаны - ақиқат...

Нұржан БАЙТӨС,
«Абай елі»

Өркенді өңір келбеті

МЕДЕУДЕ СҮЙСІНДІРЕР ЖАҢАЛЫҚ КӨП



«Beeline Kazakhstan» компаниясының реттеуші және құқықтық мәселелер бойынша директоры Дулат Оразалинов

Экономикалық өтпелі кезең, сонау нарық жылдары ауылды елді мекендерге ауыртпашылық артып кеткені мәлім. Әсіресе, тек мал шаруашылығына ғана сүйенген өңірлер уақыт талап еткен қатаң қағидаттарға икемделулеріне тура келді. Іргелі колхоз-совхоздар таратылып, ғимараттары үйіндіге айналды. Ауылдағы жұртшылық жылы орнын суытып, қалаға көш түзеді. Тіршілігі қым-қуыт қазақы мекендер сүренсіз күйге түсті. Десекте, Тәуелсіздік тұғырының нығаюымен, мемлекеттік бағдарламалардың шарапаты аясында бірқатар жанашылдықтар орын алды. Ауылдағы халықтың алдағы күнге сенімдері оянды. Ерінбегендер бақуатты тұрмысқа қайтадан қол жеткізді. Түтіні түзу ұшқан сондай ауылдардың бірі – ауданымыздағы Медеу ауылдық округі.

Бүгінде жан саны бес жүзден асатын аталмыш округ қайта түлеген. Жаңғырып, жаңарудың даңғылына түскен. Тұрғындар дәулетін еселеген кәсіптер ішінде мал шаруашылығын ерекше атауға болады. Төскей толы төрт түлік.

Одан бөлек, осынау ауылдан көптеген өнер санлақтары шығып, елді мекеннің атын асқататуда. Медеуді атасақ, Зекең Шаймарданов пен Мұхит Тұрсынов, Мереке Тұрашевтардың есімі тіл ұшына оралады. Бұл есімдер бүгінде күллі қазақ даласына һәм әлемге мәшһүр. Ақын ұл Арман Шеризатов жыр бөйгелерінде өз қабілетін мойындатып келеді. Тізбектер болсақ, аядай ауылдан шыққан дарындар тізімі біразға барады.

Округ бүгінде өзгеше келбетке енген. Тұрғындар өмірін



мәнді де сәнді ету бағытында ілкімді шаралардың жүзеге асқанына куә болдық. Мәселен, таяуда ғана «Билайн» ұялы байланыс операторына қосылудың мүмкіндігі орын алып, әсіресе шаруа қауымы қуанысуда. Көптен бері ел қалаулыларының ең бірінші мәселесі болып келген ұялы байланыс қиындығын шешуге «Beeline Қазақстан» компаниясының реттеуші және құқықтық мәселелер бойын-

ша директоры Дулат Оразалинов қол ұшын созған екен. Президент әкімшілігінде, Премьер-Министр кеңсесінде, соңғы жылдары байланыс саласында жемісті еңбек етіп жүрген жерлесімізге ауыл тұрғындарының алғысы шексіз.

Медеу орта мектебінің ұстазы Альмира Боранжанова ауылдағы жағымды жаңалықтар жайлы былай деп пікір білдірді: «Осынау күз айларында Медеу ауылында онды өзгерістер көптеп орын алып отыр. Қуанышымыз еселенуде. Шағын ауылға байланыс операторларының желі тартуға ықыласты еместігін еститінбіз. Басты себеп халық санының аздығы. Осындай сәтте бес жүзден астам ғана тұрғыны бар аядай округке Дулат Оразалинов сынды азамат жанашырлық танытып, ауылымызға 40 млн. теңгені құрылғысын орнатып берді. Медеулік тұрғындар, көрі-жас бәрі алыс-жақынмен хабар алысып, осы ұялы байланыстың игілігін көріп отыр. Қуанышымызда шек жоқ. Сондай-ақ, байланыс жағдайтын ұзақ жылдар бойы көтеріп, құзырлы орындар алдына осы мәселені қойып, нәтижеге қол жеткізген, ұзақ жылдар депутат болған, қазіргі таңда аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Төлеубек Аманғазы ағамыз бен сайланғанына аз уақыт болса да халық аманатын арқалап,



орындап үлгерген аудандық мәслихат хатшысы, ауылымыздың депутаты Ерлан Арнаулына ризашылығымызды білдіргіміз келеді. Халық қалаулылары қалтқысыз сенімге ие. Сонымен қатар, ауылдың гүлденуін алдыңғы қатарға қойып, межелі мақсаттарға қол жеткізіп жүрген ауыл әкімі Дарын Мұхтарұлы мен округіміздегі шаруа қожалықтарының иелері, атқамінер азаматтарға да алғыс айтуымыз орынды». Бұл ажарма алғыс медеулік көпшіліктің көкейінде де жүр.

Ал Дулатпен сұхбаттасқанымызда: «Ақпарат және коммуникациялар министрлігі 2020 жылға дейін халық саны аз ауылдарды, елді-мекендерді ұялы байланыспен қамту бойынша арнайы бағдарлама жасаған болатын. Аталмыш бағыт бойынша біз жұмысты бастап та кеткенбіз. Бағдарлама бекігелі аз уақыт өтсе де компания халық саны аз 16 ауылға желі тартып берді. Солардың алдыңғысы Медеу ауылы болып отыр. Шындығын айтқанымыз дұрыс болар, еліміздің шалғай жатқан көп ауылдарында әлі күнге дейін ұялы байланыс орнамады. Оның себебі, байланысты негіздейтін құрылғы заманауи болғандықтан көп қаражатты талап етеді. Ендігі мақсатымыз, алтын бесігіміз – Абай елінің шалғай ауылдарын 3D интернетпен қамту болып тұр. Әсіресе, білім ошақтарында ғаламтордың жоқтығы оқу процесіне қолбайлау болғандықтан, мектептерде, мекемелерде жаһанжеліге шығуға кедергі болмаса деп ойлаймыз», - деп келешек күндерге құрған жоспарымен де бөлісті.

Бір бұл емес, ауылдың инфрақұрылымы да жандана бастаған. Өткен апталарда ауыл игілігіне арналып, жасанды төсенішті кіші футбол алаңы пайдалануға берілді. Аудандық бюджет есебінен 5 млн теңге көлемінде қаражат жұмсалған спорт алаңын Битенов Тасболат басқаратын «Дерикар» ЖШС белгіленген мерзімде толықтай аяқтап шыққан екен. Мердігер мекеме кіші футбол алаңының құрылысына 10 техника, 7 жұмысшы жұмылдырып, екі ай ішінде алаңның құрылысын тәмамдапты.

Алаң Абай ауданының «Құрметті азаматы», «Еңбек қызыл ту орденінің» иегері, 1976 жылдан бастап Медеу ау-



ылында еңбек етіп, басшылық қызметтер атқарған Медетхан Кәрімбеков атына берілген екен. Медетхан Кәрімбеков ұрпақтары сол күні марқұмның рухына арнап ас беріп, жана футбол алаңында аудандық деңгейдегі бәсеке өз байрағын көтерді.

Жасанды төсенішті шағын футбол алаңының ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Бауыржан Болатұлы қатысып, алғы сөзімен ашып берді. Аудандық додада Қарауыл жастары, Медеу ауылы жастары, Токтамыс ауылының, Архат ауылының, Қарауыл гимназиясының және Медеу ауылының футбол ардагерлері командалары өзара бақ сынасты. Теңбіл доп додасы нәтижесінде Медеу ардагерлері I орынды иеленіп, 100000 теңге көлеміндегі жүлдені қанжығаласа, II орын иеленген Қарауыл гимназиясының командасына 50000 теңге, Токтамыс ауылдық округінен келген командаға 20000 теңге көлеміндегі жүлделер табысталды. Тек қыңжылтар бір жайт, бұл жарысқа ауданның басқа округтерінен жастардың қатыспағаны болды. Спорттың бұқаралығын арттыруда өз үлестерін қоспай жүрген кей ауыл командалары бұл жолы да нағыз дүлділдер додасынан қалыс қалды.

Медеу ауылы шағын болғанымен соңғы кездері орын алған жаңалықтары үлкен екен. Елдің мекенінің әлеуметтік саласында да ілгерілеу бар. Бұл ретте ауылдық округтің амбулаториясы да БАҚ өкілдері алдында өз жаңалығымен бөлісті. Атап айтсақ, Медеу ауылының медициналық мекемесіне жедел жәрдем көлігі беріліпті. Ол туралы осы амбулаторияның фельдшері Дүйсенбаев Қарлығаш баяндап берді.

-Мен бұл ауылда фельдшер болып 1988 жылдан бері қызмет атқарып келемін. Медициналық көмекке жүгінген округ тұрғындарына жалғыз өзім қызмет көрсетемін. Тәуелсіздік жылдары бойы алғаш қол жеткізген көлігіміз осы. Бұрындары наукастарды аудан орталығына жеткізу үшін, не болмаса шалғай шаруа қожалықтарындағы емге зәру тұрғындарға жету үшін көлігі бар ауыл тұрғындарына өтініш білдіретінмін. Тамыз айынан бері осы көлік мекеме қарамағына беріліп, қысқа қолымыз ұзарғандай болып отыр. Қазірдің өзінде округке қарасты шаруа қожалықтарында 1 жасқа толмаған 10 бала, аяғы ауыр 5 әйел бар. Күндіз болсын, түнде болсын оларға мерзімінен кешікпей көмек көрсетуге әзірміз. Ендігі мәселе тозығы жеткен амбулатория ғимаратының жөндеуі болып тұр», - деп тілегін де білдіріп өтті.

Осылайша, аталмыш ауылдан біз де мерейленіп қайттық. Тұрғындар өмірін жақсартуда ілкімді шаралар, ілгерілеу бар екен. Бұл жайт сөз жоқ, медеуліктердің, әсіресе, жастардың ауылға тұрақтауына кепіл болмақ. Ал ертеңгі күнге сенімі, еңбек күші бар өңірдің келешегі жарқын болары тағы да анық жайт.

Нұржан БАЙТӨС,
«Абай елі».

Спорттағы серпін

БАЛҒЫН БОКСШЫЛАРҒА ҚОЛДАУ БАР

Жуырда «Шыңғыстау» спорт кешенінің бокс залында балғырлар қолғапты серік еткен өреңдер үшін айтулы шара өтті. Атап айтсақ, ШҚО бойынша әуесқой бокс федерациясының вице-президенті Акишев Құрманғали Сабырұлы балғын боксшылар үшін кездесу ұйымдастырып, тасылымды сұхбат құрып, федерация атынан арнайы әкелген сыйлықтарын табыс етті.

Ауданның қоғамдық һәм спорттық өміріне ерекше рең берген осынау шараға Абай еліндегі барлық боксшылар жиналды десек, артық айтпағандығымыз. Әсіресе, жастардың қарасы мол болды. Осының өзінен-ақ, ауданымыз бойынша спорттың осынау түріне деген ерекше құлшынысты байқағандай болдық.

Жиын барысында сөз алған спорт ардагері Майдан Мұқанов саликалы пікір білдіріп, өзгелер үшін үлкен ой тастады. Ол өз сөзінде:

-Жалпы Қазақстан бойынша жастардың салауатты өмір салтын ұстану мәселесі алдыңғы кезекте тұр. Халықтың кем дегенде 30%-ын бұқаралық спортқа тарту арқылы біз ұлт болмысын, елдің көңіл-күйі, рухын көтере түсеміз. Бүгінде аудан бойынша жасөспірімдер арасында спорт түрлеріне тұрақты қатысып жүрген 700 спортшы бар екен. Жетістіктерге жетіп, аудан, облыс, қала берді ел намысын қорғап жүргені қаншама. Спорт ардагері ретінде мен олардың барлығын қадағалап, тілекші болып жүремін. Қазіргі кезде спортқа бөлініп отырған көңіл де бөлек. Спортпен шұғылдану үшін барлық жағдай жасалған, жетістіктерге жету үшін барлық мүмкіндіктер бар. Осы арада аталған саланың бойына қан жүгіртіп, шоқтығын көтеріп отырған аудан басшысы Тұрсынғазы Жантұяқұлына шексіз ризашылығымызды білдіруге тиіспіз.



Спорттағы көрсеткіштеріміз де көңіл қуантады. Белгілі боксшы ұлдарыңыз Берікжанов Дарын бүгінгі күні спорт шеберлігін қорғап, рингте қарсылас шақ келтірмей жүр. Мұндай жоғары жетістіктер, жоғары көрсеткіштер, үлкен қолдаулар бұрын-соңды болмаған еді. Өз басым 1970 жылы осы спорт мектебіне басшылыққа тағайындалдым. Өмірім спортпен тығыз байланыста болды. Бірақ, Абай елінің сол кезден бергі нақ жүлдызды шағы қазір ғана туып тұр. Оған інілеріміз, аудандық спорт, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Еркебұлан Сағындықов пен қазіргі спорт мектебінің директоры Қуат Қалиевтің еңбегі зор екендігін айтуымыз керек. Әлі де болса зор жетістіктерге жете береді деп сенім артамын, - деп лебізін білдірді.

Расында да, соңғы жылдардағы спорттағы жетістіктер ауданымызды күллі республикаға мәшһүр етуде. Облыс көлеміндегі көрсеткіш бойынша да Абай елі үздіктер қатарынан табылды. Білікті бапкерлер саны да артып, жылма-жыл толығу үстінде. Мұнымен қоса, мектептерде жас буынды спортқа баулуда іргелі шаралар жүзеге асыруда. Материалдық база жеткілікті. Осы ретте ауданымызда спортқа айрықша назардың бар екен көрген әуесқой бокс федерациясының вице-президенті Құрманғали Акишев көпшілік алдында өзіндік пікір білдіріп өтті.

-Жас спортшылардың түрлі сайыстар мен біріншіліктерге көптеп қатысқаны құптарлық жайт. Бәсеке бар жерде, нәтиже де бар. Біраз уақыт бұрын біз облыстың Тарбағатай, Аягөз, Үржар, Көкпекті, Жарма сынды көптеген аудандарын аралаған едік. Бокс бөлімдерінде қандай құрал-жабдықтарға мұқтаждық барын сараптап қайтқан болатынбыз. Бірқатар аудандарда бокс қолғаптары ескірген, жаттығу жүргізу де талапқа сай емес екен. Жаттықтырушылар өтінішін федерация президенті Апсаламов Ерболат Надырбекұлына жеткіздік. Осылайша мәселеміз оң шешімін тапты. Бүгін міне, абайлық жас спортшыларға 20 қолғап, 4 бокс қабын әкеліп отырмыз. Бүгінгі таңда алдымызда тұлымшақтары желбіреп, ынта-жігерін танытып жүрген бұл балғын боксшылардан Олимп шыңын бағындыратын чемпион шықпасына кім кепіл? Үміт артамыз, қолдан келгенше қолдау білдіреміз, - деп атап өтті.

Ендігі аралықта ауданымыздағы осынау спорт түрі тағы да тың қарқын алатынына біз де сенім білдірдік.

«Абай елі» ақпараты



СПОРТ ЖАҒАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ
25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН

2003-2004 ж.т. жасөспірімдер арасында өткен кіші футболдан аудандық жарыс.

2016 жылдың 21-22 қазан күндері Қарауыл ауылында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған 2003-2004 ж.т. жасөспірімдер арасында өткен кіші футболдан аудандық жарыс тартысты өтті.

Аудандық жарыстың мақсаты жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күресті күшейту болып табылады.

Жарысқа аудан бойынша 9 команда қатысты. Атап айтқанда: Абай атындағы мектеп-лицейі, Қарауыл гимназиясы 2, Әуезов орта мектебі, Көкбай орта мектебі,

Спорт мектебі, Шөкәрім орта мектебі, Әбенов орта мектебі, Токжігітов орта мектебі және Қарауыл гимназия 1 командалары.

Үздік ойын үлгісін көрсетіп, шеберлік танытқан командалар жұлдегер атанып, «Абай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің арнайы мадақтамалары және медальдарымен марапатталды. Осы жарыста I орынды спорт мектебі, II орынды Токжігітов орта мектебі, III орынды Шөкәрім орта мектебінің командалары иеленді.

Сондай ақ, «Үздік қақпашы» атанған Қарауыл гимназиясының командасынан Ақылғалиев Қуаныш, «Үздік ойыншы» атанған Әуезов орта мектебінен Айдынғали Айғали, «Үздік қорғаушы» атанған Токжігітов орта мектебінен Хапан Есбол, «Үздік шабуылшы» Шөкәрім орта мектебінен Сайлаубек Мейрамбек болды.

ВОЛЕЙБОЛ ЖАРЫСЫ



19-23 қазан аралығында Өскемен қаласында 1999-2000, 2001-2002, 2003-2005 жылғы қыз балалар арасында волейболдан ШҚО күзгі чемпионаты болып өтті. Осы жарысқа қатысу үшін әр ауданнан, қаладан командалар жиналды. Біздің Абай ауданының қыздар құрама командасынан екі команда барды. Қыздарымыз осы жолы да намысты қолдан бермей жүлделі орынмен оралды. 2001-2002 жылы туған қыздар арасында тоғыз команда ойнады, біздің қыздар II орынды жеңіп алды. Төлеуғалиқызы Гүлсана, Әділетқызы Жанар, Айтбаева Мадина, Жұмабековва Айдана лицей, Мұхсынова Мәдина, Сайлаубекова Балауса Шөкәрім орта мектебінің оқушылары. Ал 1999-2000 жылғы қыз балалар арасында жеті команда қатысып, біздің команда III орынды жеңіп алды. Маратова Жанель, Төлеуғалиқызы Гүлсана, Нұрланова Ақжан лицей, Қабжанова Гүлзат Токжігітов орта мектебі, Өкенова Назерке Ж. Молдағалиев атындағы орта мектебі, Бейсен



бекова Ләззат Бекбосынов орта мектебінің оқушылары. Спортшы қыздарымызға және осы спорт түрін жетілдіріп, тыңбай еңбек етіп, балалардың жеңіске деген жігерін жандандырып жаттықтырып жүрген волейбол бөлімінің жаттықтырушылары Ибраев Сырым, Мусин Досханды осы жеңістерімен құттықтаймыз. Алда алар жеңістері көп болсын.

Абай ауданы бойынша балалар- жасөспірімдер спорт мектебі

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН «ЖАС БАРЫС»
ШҚО ТУРНИРИ

20-23 қазан аралығында Аягөз қаласында 2001-2002 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында қазақ күресінен «Жас Барыс» ШҚО турнирі өтті. Жарысқа жан- жақтан командалар жиналды. Абай ауданының құрама командасы жүлделі орынмен оралды.

Спортшыларымызды жаттықтырушылары Ахметжанов Азамат пен Көкенов Мақсат апарып- алып келді.

2001-2002

жылы туған кіші жасөспірімдер

I орын – Құмаров Байсыық 38 кг Лицей

II орын – Ғизат Бексұлтан 60 кг Гимназия

III орын – Кәкітаев Алтынбек 42 кг Лицей

III орын – Амангелдин Шерхан 66 кг Лицей

1999 – 2000 жылы туған жасөспірімдер:

III орын – Төлутаев Нұрлан 50 кг

Токжігітов орта мектебі

1997- 1998 жылы туған жастар

I орын – Құмаров Сүнғат 66 кг

III орын – Қабылқаров Дәулетжан 60 кг

III орын – Маратов Ерхан 60 кг



ФҮТБОЛ

18- 24 қазан аралығында Қызылорда облысының Байқоңыр қаласында футболдан 2000 жылы туған жастар арасында «Жас Қыран» Қазақстан республикасының чемпионаты өтті. Жарысқа әр облыстан 10 команда келіп қатысты. Бұл тартысты ойын ШҚО «Спартак» командасының жеңісімен аяқталды. ШҚОға барған «Спартак» командасының құрамында біздің жерлесіміз спорт мектебінен шыққан, қазіргі кезде М.Әуезов атындағы педагогика колледжінің II курс студенті Сайын Қуанышта ойын көрсетті. Сайын Қуаныштың жаттықтырушысы Медетов Қайрат.

Осы ойынның нәтижесі бойынша:

Топтық кездесулер:

Спартак – Ақтөбе

Спартак – Тараз

5:2

3:0



Спартак – Байқоңыр 1:0

Спартак – Қостанай 4:1

Финалда:

Спартак – Пертопавловск 4:2

Абай елі ақпараты

Ауыл тынысы

ЖЕКЕ ЕНБІЛІК
ЖАРМӨНКЕ БОЛЫП АТТІ

23 қазан 2016 жылы Токтамыс ауылында, Клуб үйінің ұйымдастыруымен азық-түліктердің және ауылшаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі өтті. Жәрменкеге ауыл тұрғындары қатысты. Ауыл тұрғындарына ұсынған азық-түлік тауарларының бағасы базардағыдан арзан болды. Жәрменкеде сүт өнімдері, жеміс-жидектер, ет өнімдері сатылды. Қыстың қамын жаз ойда. Жәрменкеге келушілердің қарасы мол. Қоржыны тоқ қоныр күзде ауыл жұртшылығы қысқа дайындалуда. Жәрменкедегі өнімдер бағасы да

тиімді, таңдау да көп. Ауылшаруашылық жәрменкесі бағаны тұрақтандыруға сеп! Ауыл тұрғындары бұл жерден қажет өнімін төмен бағамен сатып алады. Ет өнімдеріне арналған қатар адамнан босамады. Сапасы жоғары, бағасы қалтаға қонымды тауарларға сұраныс көп болды. Бұл тұтынушыға да, өндірісуге де тиімді. Өз өнімін өзі сатып жатқан сатушы да риза. Алдағы уақыттарда мұндай жәрменке жалғасын таба бермек.

Таңшолпан ЖАҚСЫБЕК
Токтамыс ауылы

ЖАҒДАРЫ КҮЗ, АЛТЫН КҮЗ



Күз әр кез мерекесіне қызыққа толы кез екенін әркімнің білері хак. Қамбаға астық, бақшада жеміс-жидектің түрлері толып, қауырт шаруаның басталар шағы. Сол күздің қызықты кезеңін естерінде қалдыру үшін біздің Ш.Абенов атындағы орта мектептің шағын орталығында тәрбиеленуші «Құлыңшақ», «Балапан», «Бөбек» топтарында күз мерекесіне байланысты ертенгілік өтті. Ертенгілікке құрметті қонақ ретінде ата-аналар, ұстаздар, шағын орталық меңгерушісі Л.Қасымова және тәрбиеші көмекшісі Б.Рысбекқызы шақырылды. Ертенгіліктің ең ерекше жағы күз ханшайымын балалар қарсы алды. Күз ханшайымы балаларға көңілді жұмбақтар жасырып, күзді көрсететін киімдер киген балаларға себетінен тәтті сыйлықтар ұсынды. Күздің байлығын көздерімен көріп қолдарымен ұстау үшін жеміс-жидектер мен көкөністер ажырата білу үшін «Жемістер» ойының ұйымдастырып өткізуге мектебіміздің 5 сынып оқушылары үлкен көмек көрсетті. (сынып жетекшісі А.Қамзабаева).

Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық қылған жалықпас

Үйретуден балаға,

– деп Абай атамыз айтқандай мен кішкентай бүлдіршіндерге жылдың төрт мезгілін, қаһарлы қыстың, көңілді көктемді, жайдарлы жазды, қоныр күздің өзіндік ерекшеліктерін онда қабағын түйген жаңбырлы күзді көрсеттім. Қамбасы сары алтынға толған байлықты, күз базарының көркі болған жеміс-жидек пен көкөністер түрлерін жиналуын көрсеттім. Осы күздің ең ерекше кезеңін сарғайған жапырақтарын жерге түскені, күздің «алтын күз» аталуына басты себеп екеніне тоқталып өттім. Бұл ертенгіліктің басты мақсаты кішкене бүлдіршіндердің күз туралы түсініктерін кеңейту, сонымен қоса бүлдіршіндерге мерекелік көңіл күй

сыйлау. Бүлдіршіндердің нәзік үндері күз түрін айшықтай түскендей болды.

Мысалы:

Алтын сары, қызыл, көк,

Алуан-алуан жапырақ.

Немесе:

Жаңбыр жауып басылды,

Аспан шайдай ашылды-деп өз өнерлерін көрсетіп, әндерін шырқады. Кішкентай



шөкірттеріміздің бір күнгі мерекелік ертенгіліктерін барша ата-аналарына, ұстаздарға, тәрбиешілеріне де мерекелік көңіл күй сыйлады. Бүгінгі ертенгілікті қортындылай сөйлеп рахмет айтып ризашылығын білдірген ата-аналар болды. Ал кішкентай шөкірттеріміз:

Балдай тәтті балаларым,

Бақытты күн кешіңдер.

Жыры үлкен ағаларым,

Соған тартып өсіндер-деп ақын Тұрсынзада ағамыздың сөзін арнағым келеді.

Индир РАХЫМОВА,

Ш.Абенов атындағы орта мектептің шағын орталық тәрбиешісі.

Индустриялық-инновациялық бағыт

КӘСІБИ БІЛІМНІҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЮДЕ



Қазіргі таңда кәсіптік білім беру саласына ерекше көңіл бөлінуде. Оған ел экономикасының қарқынды дамуына қажетті мамандықтар даярлау себеп болуда. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар босекелестікті арттырып, еңбек нарығын нығайтатыны белгілі. Дей тұрғанмен, елімізде кәсіптік білім беру стандарттарына енді ғана жете көңіл бөлініп келеді. Оның есебінен аймақ экономикасына қажетті техникалық және кәсіптік мамандықтарды даярлау ісі қарқынды түрде қолға алынды. Нәтижесінде аталмыш білім беру жүйесінде түбегейлі реформалар орын алууда. Мәселен, кәсіптік-техникалық оқу орындары индустриялық-инновациялық бағытта мамандар даярлауға баса көңіл бөлуде. Бұл орайда, Елбасы халыққа Жолдауында және «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында аталмыш мәселеге арнайы тоқталғанын айрықша атап өтуге болады.

Білім беру жүйесін дамыту үшін елімізде аталмыш сала құрылымдық, мазмұндық бағытта жаңаруда. Озық әлемдік технологиялар енгізіліп, ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Білімнің жоғары деңгейіне көтерілген заманда кәсіби біліктілік экономиканы дамытудың негізгі тетігіне айналатыны анық. Мұның өзі заманауи технологияны жан-жақты меңгерген кәсіби білікті мамандардың қажеттілігін туғызуда. Осы мақсатта қабылданған білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аталған мәселелерді шешуге арналған ұлттық мамандар даярлаудағы негізгі қарқынды жоба болып табылады.

Өніміміздегі бірегей кәсіби білім беру ордасы Абай колледжінің ашылуына 7 жыл толып отыр. Осы аралықта 247 студент диплом алып шығыпты. 2011-2015 жылдар аралығында колледж Абай аудандық «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасы аясында ветеринария, тракторшы-моторшы мамандықтары бойынша да 10 айлық, 1 жылдық курстарды жүргізген болатын. Қазіргі күні тың бағыттағы шаралар қабылдануда. Мәселен, биылдан бастап кәсіптік білім беретін мекеме мемлекеттік тапсырыс қабылдап, 61 студентті арнайы грант бойынша оқытып жатыр. Білім алушыларға шөкіртқағы тағайындалып, колледж жатақханасынан орын ұсынылып және бір мезгіл ыстық тамақ та тегін беріледі екен. Мұндай әлеуметтік қолдау алаңсыз білім алуға жағдай туғызады.

Қазіргі күні негізгі мемлекеттік тапсырыс бойынша құрылыс мамандығына - 20 студент, темір ұсталары-дөңкерлеуші мамандығына - 19 студент, малдәрігерлік саласына - 22 оқушы өз құжаттарын тапсырыпты.

Бір бұл емес, колледжде сондай-ақ туризм, слесарь, токарь мамандығы және тракторшы-моторшы мамандықтары топтары білім кенін игеруде. Қазіргі уақытта 30 оқытушы маман, 124 студент бар екен.

Колледждің ұйымшыл ұжымымен танысу мақсатында білім ордасына арнайы бас сұққанымызда жас буынды студенттер қатарына қабылдау рәсімі өтіп жатыр екен. Салтанатты іс-шарада Абай колледжінің директоры Мұратбек Қайроллаұлы студенттерге ақ лебізін білдіріп, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әлімжанова Гүлмира жана өмірге қадам басқан студенттерге ақ жол тіледі. Сонымен қатар, оқу-ісі жөніндегі орынбасар Бұрыбаева Алтынғайша жас буынға сынақ кітапшаларын табыстап, құттықтау сөз сөйлеп, ізгі тілек білдірді.

Сондай-ақ, аталмыш кеште студенттер қатарына қосылған жастар ант қабылдап, ақ жаулықты әжелер шашу шашты. Мұнымен қатар, көңілді ойындар ойналып, Еркінқызы Айдана мен Берікболов Талант ең шырқады. Кеш соңы студенттердің би кешіне ұласты.

«АЕ» ақпараты

Тұсаукесер

(Соңы. Басы 1 бетте)

ҚАЙРАҢ ҚАЛДЫРАТЫҢ ҚАРИЯ



Кітап – басымыз ауырып, балтырымыз сыздағанда жүгінер, тамаша ақыл-кеңестерімен, ұсынған ем-дом түрлерімен бағалы еңбек 3 бөлімнен тұрады. Автор: «Менің бұл жазғандарым ғылым мен жаналық та емес, көркем шығарма да емес, өмірден іріктеліп, тәжірибеден алынған қарапайым әңгіме» деп ағынан жарылған алғы сөзінде әеңбегінің мақсатын айқындап көрсетіпті. Жас кезіндегі тұрмыс тауқыметімен денсаулығының күтімсіздігінен өкпе және тыныс алу жолдарының ауруы, ас қорыту жүйесінің бұзылуына, атресклез ауруына, баршамыз кейде елеі бермейтін шаншу, жүрек қан тамырлары сияқты т.б. аурулардың пайда болу себептерін, әр аурудың түрлі кезеңдеріндегі белгілерін (симптомдарын) ашып жаза келіп, одан емделудің жолдарын таратып әнгімелейді. Атаның әнгімесінен өзінің түйгенім: бараурудан сақтанудың алғашқы жолы - жақсы әдеттердің жан сақтайтын құпиясы бар екендігінде. Ол әдеттердің алғашқысы дұрыс тамақтануды қатал ұстау деп ескертеді.

«Артық ішкен тамақ - у», деп артық салмақтың дұшпандығынан сақтандырады. Ағзаға қажет дәрумендер қандай тағам түрлері арқылы толықтырылатынын, оның мөлшеріне дейін көрсетіп жазған. Олар мынадай тақырыптарда баяндалады. «Жасартып, өмірді ұзартатын ғажайып көкөніс», «Таза су адам өмірін ұзартатын», «Ұзақ жасаудың құпиясы – жылқы еті мен қымызында», «Шәйдің да берері мол», «Еңбек - ұзақ өмір сүрудің кепілі», «Ашығу - күдіретті күш», «Пайдалы кеңес» айдарымен берілген әңгімелері өте құнды.

Келесі жан сақтайтын таптырмас әдет «суықтан сақтан», дегенді спортпен шынықтыр, дей келе, ұрпақтарына өнеге болар өз әдеттерін былайша баяндайды: «Менің осы жасқа жеткенім қиыншылықты көп көріп, өбден шыныққандығым, салауатты өмір салтын сақтағандығым, жаман әдеттерге салынбағандығым, тынымсыздығым, еңбекшілдігім, мүмкіндігімше еңбекті көп жасайтындығым, адалдығым, ешкімге қиянатимның жоқтығы, темекі тартпаймын, насыбай атпаймын. Қомағай емеспін, тамақты шақтап ішемін.

Ақылы, білімді, адал еңбекпен байлыққа жеткен адамдарды сыйлаймын. Байлық пен мансапты қызғанбаймын және күндеймін. Өзім жеткен дәулет пен дәрежеге ризамын. Дүниеқор емеспін. Біреудің байлығы мен мансабына қызғаншып қарау, көре алмау, ашу-ыза тудырады. Күйзеліске апарады. Ызақор адам ұзақ жасай алмайды. Қазір ойлап отырсам, өмірде кездескен қиыншылық пен тауқыметке ғажап шыдамдылығым осы жасқа жеткізген екен».

Келесі жақсы әдет «Дұрыс ой-ұзақ жасаудың кепілі», «Нерв жүйесі – денсаулықтың қамалы». Халық арасында «барлық ауру нервтен» деген ұғым бар. Сондықтан нервті бұзбай, көңіл-күйді дұрыс ұстау керек» деп ескертеді. Адам болмысында жақсы әдеттерді қалыптастыратын жағымды, жағымсыз қасиеттерді санап берген, оның соңын ала, «Өмірден сұрыпталып алынған тұжырымдарын» әр адам қойын дәптеріне түртіп алуға болатындай көркем, образды тілмен, қанатты ғажайып сөздерін ұсыныпты. «Дені сау адамның келі болуға қақысы жоқ», «Ең алдымен өзіңді таны, өзіңнің осал жағыңды біл және

оны мойында», «Өзіңнің жақсы жақтарыңды елге айтудан ұялма, біреулер одан үлгі алады». Аурудан ағзанды сақтайтын жақсы әдеттерден кейін ауырғанға жанға дерттен арылудың әлдемен жолдарын ұсынады. Дертпен күресудің алғашқы жолын «ауырсаң, жедел емдел» дей келіп, әр ауру түріне әсер ететін дәрі-дәрмек түрлерін тап басып, белгілі уақыт ішкеннен кейінгі әсер етуін медициналық білімі бар дәрігердей баяндап жаза білгеніне таңғалдым. Автор медициналық емінен кейін де рухын күшті болса, ауруды жеңесің деген ой қорытады.

Қазақта «қарты бар үй - қазына» деген сөз бар. Замандастарым Малғаж бәй Гүлнардың мол қазынасы - әкесі. Өмірден көргені, түйгені көп, оқығаны мен көңіліне тоқығаны мол әкейдің болмысына осы кітапты оқыған кез келген жас қызығары анық. Бұл ойыма тарихи мәліметі мен қызықты дерекке толы мына бөлімдері дәлел. «Туған өлдеді, ол-жаратылыс заны».

•Тас ғасырларында адамдар орта есеппен 18 жыл өмір сүрген

•Рим империясы заманында адамдардың орта есеппен өмір сүру жасы 30ға өртен жеткен.

•Орта ғасырларда 40 жас қарттар санасына жатқызылған.

•XX ғасырдың аяқ шенінде ғана орта жас 75 жылға жеткен.

Тақауда бір газет 21 ғасырда туғандар 100 жылдан көбірек өмір сүреді деп жазды. Неміс және Дат ғалымдары дамыған экономикасы бар елдерде 20 ғасырда өмір сүрген ұзақтығы 30 жылға өскенін анықтаған. Осы үрдіс қазірде де сақталып отыр. 2004-2005 жылдардағы зерттеулердің нәтижелері бойынша дамыған елдерде адамдардың ұлғайған жастан өлетінін байқауға болады. Мысалы, адам ең ұзақ өмір сүретін елдерде Жапонияда 80 жасқа жеткен әйелдердің жартысына көбі 90 жасқа толу тойын тойлайды. Қазір жер жүзінде 7 миллиардтан артық халық бар көрінеді.

II бөлім «Қиыншылықта шыңдалған балалық шағым» деп аталған атауына лайық атаның автобиографиялық әңгімесі өрбиді. «Алдыңмен анамды аузыма алайын» деп басталып, жарық дүние сыйлаған анасы Мүғиланы есіне алып, 14 жасында анасынан айырылғандағы қаралы көңілді ақтарған өлеңімен балалық сағынышын жеткізіпті.

Өң үзіп, омыртқанды таптың ана, Мәпелеп балапандай бақтың, ана Емізіп ақ сүтінді, тыным таппай, Төрт бөліп, түн ұйқыңды жаттың, ана Маңғазы бұл жалғанның едің, ана Біз үшін ұялым-қайғы жедің, ана Жалғызым Жағырдың өсіп өніп, Жеткенің көремін бе? делің, ана.

«Әкем туралы» әңгімесінде Жүнісқан әкеден тараған ұрпақтар, олардың білгірлігі арқау болған.

Кітаптың соңғы 3 бөлімі «Ғибадатты ақыл», «Қабунамадан» деп аталған. Бұл бөлімде 1083 жылы жарық көрген аса бағалы педагогикалық туындының адамзатқа тәрбиелік мәні бар, ұзақ жасауға қатысы бар, пайдалы кеңес моральдық тәрбие, шаріғат жолына насихат беретін тараулары енгізілген. «Алла тағаланы тану туралы», «Пайғамбардың қасиеті туралы», «Алла тағаланың бергеніне шүкіршілік ету туралы», «Тағат, ғибадат туралы», «Ата-ананы құрметтеу туралы», «Қарттық және жігіттік туралы», «Нәпсіні тыюдың шарапаты мен тағам жеудің төртібі туралы» айтылады.

Ортаңғы 2 бөлімде «Ел қорғаған атам, қабыл болсын батан!» деген айдармен Абай атындағы мектеп-лицейінің түлегі Сүйеуғалиева Аймара Валериканың осыдан он жыл бұрын атаммен, Клавдия апаммен сұхбаттасып, қиыншылықпен өткен жастық шағы, сұрапыл соғыс жылдарындағы және бейбіт өмірдегі еңбегі мен өмірбаяндық деректері жасұрпақ көзқарасымен баяндалған әсерлі мақаласы берілген.

Қорыта келе айтарым, аталмыш кітаптың тілі өте шұрайлы, мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркес оралымдары өте мол. Стиль, жанрлық сипаты ерекше, әсіресе, мақала түріндегі тұшымды әңгімемен де өрбіген. Ең бастысы артық ұрпаққа, артындағы өскелең буынға берері, үйретері көп даналық сырға толы ғажайып туынды.

Мейрамгүл ҚАСЫМЖАНОВА,
жаңа кітаптың корректоры,
Қарауыл ауылы.

Діни экстремизм профилактикасы

РАДИКАЛИЗМГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ



Жуырда ШҚО Дін істері басқармасының дін мәселелері жөніндегі ақпараттық насихат тобының медиа-жоспарына сөйкес аталмыш басқарма маманы Мәнсия Ысқаққызы Абай еліне ат басын тіреді.

Бүгінде аймағымызда «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның» басымдықтарын орындау мақсатында ілкімді шаралар қолға алынуда. Атап айтсақ, оның аясында ішкі тұрақтылыққа қауіп төндіретін терроризм мен экстремизмнің алдын алу, тұрғындар арасында радикалды идеологияларға қарсы иммунитет қалыптастыру және азаматтардың діни сауатын арттыру мақсатында ислами құндылықтар, имандылық мәселесі жайлы ақпараттандыру-түсіндіру шаралары жүргізілуде.

Міне, осы мақсатта ауданымызға ат басын тіреген Мәнсия Ысқаққызы ішкі саясат бөлімінің басшысы Сағадиев Ұлан Болатұлымен бірлесіп Кенгірбай би ауылындағы Шәкәрім атындағы орта мектебінде ауыл тұрғындарымен, Абай колледжі студенттерімен кездесу өткізді. Жиын барысында қазіргі таңдағы діни ахуал, дәстүрлі дін мен деструктивті діни

ағымдар зияны жайлы әңгіме өрбиді.

Мұндай келелі бас қосу Көкбай ауылының ауылдық мәдениет үйінде де ұйымдастырылды. Ал Қарауыл ауылында халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерлерімен, аудандық Қазпошта филиалы ұжымымен, Абай ауданының Ішкі істер бөлімінің жеке құрамымен, Абай атындағы кешенді мектеп-лицейінің 9-10 сынып оқушыларымен кездесулер өткізіліп, сұрақ-жауап түріндегі еркін пікір алмасулар өрбиді. Жүздесу барысында тағылымды әңгімелер шертіліп, төл дініміздің асыл құндылықтары жайлы мол мағлұматтар алынды.

Сонымен қатар, мұндай кездесулер барысында «Ғаламтор ресурстарының деструктивті діндерді насихаттаудағы кері әсері», «Діни уәжбен медициналық көмектен бас тарту қауіпі», «Деструктивті ислам және христиан



діни ағымдарының қауіпі», «Дін және дәстүр» және де «Радикализм біздің жол емес» атты бейне материалдар қолданылып, қатысушыларға нақты мысалдар келтірілді.

Кездесуге қатысқан қалың жұртшылық өздерін мазалаған сан түрлі сұрақтарға жауап тауып, пайдалы кеңестерге қаныға алды.

«Абай елі» ақпараты

«ЖОЛ КОЗҒАЛЫСЫ КАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

“ОблШығысЖол” КМК облыстық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын қысқы кезеңге пайдалану бойынша жұмыстарды аяқтады. Жол құрал жабдықтарының жүрізушілері дер кезінде төтенше жағдайлардан және жол - көлік апаттарының аман қалулары үшін елді мекеннен жол сапарға шығу алдында автокөлігін тайғанаққа қарсы шынжырлармен, күректермен, жетекке алу құралдарымен, қысқы киімдермен және аяқ-киімдермен жабдықталуы, сонымен қатар жазғы шиналарын қыс шинаға ауыстыру бойынша кеңес береміз. Сіздер облыстық маңызы бар автожолдардың жағдайлары туралы диспетчерлік қызметтің телефондары арқылы біле аласыздар 8 (7232) 57-42-52, 8-771-0865543». “ОблШығысЖол” КМК жол қозғалысы қауіпсіздігі қызметі

ЕСКЕ АЛУДЫҢ ҚИЫНЫ - АЙ...



Қарауыл ауылының тұрғыны болған ардақты досымыз **Жанат Әуесбайқызының** өзегімізді өкінішке толтырып өмірден өткеніне де бір жылдың жүзі болыпты. Ортамызды ойсыратып, жанымызды жылатып кеткен аяулы құрбымыздың асыл бейнесі мәңгі жүрегімізде сақталады.

Қыздарыңды қызықтайтын шағыңда, Кеттің Жанат, айналдың да сағымға. Асыл бейнең мәңгілікке жаңғырып, Сақталады достарыңның жадында.

Қанша уақыт өтсе-дағы арада, Сенің бейнең тұрар ойда, санада. Мұңға оранған жүрегіміз, жанымыз, Дәл өзіндей досты енді таба ма?

Таба алмайды, енді әрине таппайды, Сені аңсайды, сені іздеп, жоқтайды. Арамыздан тым ертерек кеттің де, Достарыңа артып кеттің көп қайғы.

Мұнайғанмен өзінді іздеп, бірақ та, Шыдаймыз ғой алла салған сынаққа. Топырағың торқа болып, жан құрбым, Жаның мәңгі болсын сенің жұмақта.

Сағынып еске алушы достары: Гуля, Рыс, Жарқын-Нағима, Айпан-Клара, Нұрлан-Гүлнар, Сабыр-Гүлжан.



Қарауыл ауылының тұрғыны болған кимас туыс, бірімізге асыл аға, аяулы іні болған **Әкішбаев Марат Қанағатұлының** дүниеден өткеніне 40 күннің жүзі болыпты. Жатқан жері жайлы мамық болсын.

Жүрегімің сағынышын жазбаған, Мұңдарымды жібітпеген маздаған. Асыққандай өмірден кете бардың, Күннің нұры төккен мынау аз маған.

Маратжан біз өзінді сағынамыз, Тағдырдың жазуына бағынамыз. Қайтейік арамыздан кеттің алыс, Өзінді ойлап, келер деп қамығамыз.

Өтсін мейлі, жылдар жылжып арада, Рухың қымбат, туған- туыс, баршаға. Ұлылар туған мекенің мәңгі ұмытпас, Асыл бейнең сақталады санада.

Еске алушылар: анасы Күлән және туыстары. **Әкішбаев Марат Қанағатұлының** рухына бағышталған 40 күндік асы қараша айының 9-ы күні «Атамекен» тойханасында ерлерге сағат 11:00-де, әйелдерге сағат 14:00-де беріледі. Қатымға барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, ауылдастарды шақырамыз.



Архат ауылының тумасы **Оралғазықызы Назымның** өмірден өткеніне 12-ші қараша күні 40 күн болады. Жүрегі жылылыққа толы бейнесі мәңгі есімізде сақталады

Фәниде ауыр болды жүрген жолың, Азабың тартып өттің полигонның. Қайтейік саған тартқан жазу шығар, Біз үшін толмас мәңгі сенің орнын.

Өмірдің тарттың талай жан азабың, Батты ғой бізге де ауыр құлыншағым. Иmanın жолдас болсын,пейіште орнын, Мамықтай торқа болсын топырғың.

Мәңгілік жатқан жерің жайлы болсын, Қабірің жарық болып, нұрға толсын. Жаратқан жұмағыңнан орын беріп, Дұғасы туыстардың қабыл болсын.

Сағынып еске алушылар: әке-шешесі Оралғазы-Сайлаукен және туған туыстары.

Марқұмның 40 күндік асы қараша айының 12-сі күні Архат ауылы «Жәйтай» тойханасында сағат 13:00-де ерлер мен әйелдерге бірге беріледі. Қатымға барлық туған туыс, дос-жаран, құда-жекжат және ауылдастарды шақырамыз.

Жайдары Жайдарман

ФИЖАЛДЫҚ ОЙЫЖА
ЖОЛДАМА АЛДЫ

Қазан айының 19 күні аудандық мәдениет үйінде ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Жайдарман» әзілкештер командалары бас қосқан кеш болып өтті. Бұл облыстық «Жайдарманның» ширек финалы болатын. Аталмыш өнер кешінде алдағы финалда өнер көрсететін командалар қатары анықталды.

Бүгінде аймағымыздағы тәртізді ауданымызда да «Жайдарман» ойындары жастар арасында ерекше ықыласқа ие болуда. Төл командамыз да астарлы әзіл, салмақты ой, келісті өнермен танылып келеді. Оған кеш барысында тағы бір мәрте айқын көз жеткіздік. Осынау ширек финалда Абай ауданының «Лицей жастары», Семей қаласының «Тамаша like» және «Авиценна» медициналық колледжінің қыздарынан құрылған «Ғажайып» командасы, Көкпекті ауданының «Көкжайық» Шығыс Қазақстан технологиялық колледжінің «Онлайн», Архат ауылының «Сәлем», Семей бизнес колледжінің «Бизнесмен», М.Әуезов атындағы Семей педогогикалық колледждің «Әуезов жастары» командасы және Абай ауданының «Жидебай жидектері» құрама командалары өз өнерлерін ортаға салды.

Кешті аудан намысын республика көлемінде қорғап жүрген «Рахмет» командасының жетекшісі Сырым Жұмағали жүргізді.



Әуелі «Сәлемдесу» бөлімінде әр команда өзін таныстырып, өрнекті әзілдерімен көрермен қошеметіне бөленді. Десек те, ойын барысында техникалық ақаулықтардың жиі орын алуы ұйымдастырушылардың кемшін тұсы болды. Мәселен, «Ғажайып» қыздар командасы өнер көрсеткен сәтте музыкалық аппараттың қосылмай қалуы қысылтса да,

сахна тәртібіне қалыптасып қалған қыздар абдырамады. Керісінше, табан астында тапқырлық танытып, көрермен ризашылығына ие болды.

Күлкімен көмкерілген өнер кеші көңілді ғана емес тағылымды түрде де өрбіді. Себебі, жайдарманшылар қағытпаларына қоғамның көлеңкелі һәм күрмәлі

тұстарын арқау еткенін байқадық. Мәселен, әзілкештер бүгінгі жастар арасында жиі талқыланып жүрген «Ninety one» тобын қалжыңға арқау етті. Бір қуантарлығы, ойын барысында біз командалар өнерлерінен қазақы мінезді сықақ түрлерін тамашалай алдық. Бұл қасиетті жастардың ұлтжанды, патриот екендігінің бір белгісі деп қабылдадық.



Осылайша әзілдерді әділ бағалаушы сарапшылар тобына да кезек келіп жеткен болатын. Қазылар алқасы құрамындағы аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Еркебұлан Сағындықов, мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Нұрбек Өмірбек, аудандық «Жастар орталығының» басшысы Мейіржан Смағұлов, «Жайдарман» ойындарының сыншысы Ерболат Бактияров және «Абай елі» газетінің бас редакторы Нұржан Байтөс командаларға өз бағаларын берді.

Сонымен ширек финалдың қорытындысы бойынша ең жоғары балл жинаған «Сәлем» командасы, «Жидебай жидектері», «Бизнесмен» және «Әуезов жастары» финалға жолдама алып, «Ғажайып» және «Онлайн» командалары тен түсті. Ал финалдық кездесу алдағы желтоқсан айында өтетін болады.

«Абай елі» акпараты

АЛҒЫС

АЗАМАТТЫҚТАРЫНА
РИЗАМЫН

Қазақстан полициясы — қорғанымыз. Құқығымыз бұзылса, жеке мүлкімізге қол сұғылса жәрдем сұрап ішкі істер органына баратынымыз рас. Ал сондай сәттерде біліктілігі мол полиция қызметкерлерінің бірден іске кірісіп, әділеттіліктің орнауына жәрдемдесуі көңіл қуантады. Бұл жолы да солай болды. Ағымдағы жылдың тамыз айының 8 күні «Аян» кафесіне, тұрғын үйге белгісіз біреу ұрлыққа түскен. Жымысқы пиғылды баукеспені бірден Абай аудандық ішкі істер бөліміне хабарладық. Нәтижесі біз ойлағаннан да жылдам болды. Ұрлық ізі суымай жылдам ашылды.

Осынау қылмысты ашқандар, кәсіби біліктілігі мол, адамгершілік асыл қасиеттері зор Абай АІБ жедел криминалистика тобының полиция капитаны Мынбаев

Ұлан, криминалдық полиция тобының аға жедел уәкілі, полиция капитаны Талипов Арман, криминалдық полиция тобының аға жедел уәкілі, полиция аға лейтенанты Муратов Мақсат, уақытша ұстау изоляторының бастығы полиция капитаны Рымғалиұлы Бақытжан мен оның орынбасары, полиция капитаны Байбуринов Болат және кинолог, полиция капитаны Нугыманов Дарханға айтар алғысым зор. Азамат деген есімге әрдайым осылай сай болып, абыройлары асқақтап, жұртшылықтың алғысына кенеле бергей! Отбасыларына амандық, шаттық, дендеріне саулық тілеймін.

Алғыс айтушы Баян НАЗАРБЕКОВА,
Қарауыл ауылы.

Тойыңа ауа алып...



Архат ауылының тұрғыны, аяулы анамыз Әкімбаева Мейраш Нүкебайқызын 80 жас мерейлі туған күнімен құттықтаймыз! Қымбатты да аяулы, өз бақытын, қуанышын өзі өмірге әкелген перзенттерінің қылығынан, қызығынан іздейтін ардақты Анамыз! Сізге әлемдегі бар жақсы тілекті үйіп төксең те аз. Алла сізге ең алдымен мықты денсаулық берсін! Өрқашан жүзіңізден мейірім нышаны кетпей, айналаңызға нұрыңызды шашып, аналық бақытқа кенеліп жүре беріңіз!!!

Барлық нұрын тарататын даланың,
Құшағында тербететін ғаламын.
Алтыннан да қымбат болған адамға
Аялаған алақаны ананың.

Келдіңіз 80 деген кемел жасқа,
Айналып ай жүзіндей ақ алмасқа
Алда да ұрпағыңыз өсе берсін,
Адамға бақыт бар ма одан басқа!

Өзгеге үлгі ізгілікті билеген,
Қарапайым қажуды да білмеген.
Сізбен қызық біздің көрген қуаныш,
Біздің көрген думанымыз Сізбен.



Ізгі тілекпен: Уақас-Тілеуғайша, Сәкен-Алтынгүл, Ғабит-Бақыт, Айсұлу, Зәуреш-Рысқали, Дукан-Айман, Аслан-Кенже және немере, шөберелерің

Қарауыл ауылының тұрғыны ардақты жездеміз Қамбаров Оралбекті 70 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Отбасымыздың үлкені Бақыт апайымызбен бірге осы уақытқа дейін қуанышымыз бен қайғымызды бірге бөлісіп, әкеміз серік болып, біздің өсіп-өркендеуімізге, бір-бір отбасы болғанымызға үлкен үлес қосқан жездемізге тек мықты денсаулық, отбасына амандық, апайымыз екеуі тек ұрпағының қызығын көруіне тілектеспіз.

Арай боп тұратындай кезбе күнің,
Алаулап кеткендей ме, өзге жүзін.
Желдіріп отырып-ақ жетіпсіз ғой,
Жетпістің желкесіне жезде бүгін.

Сіз бізге қашанда жас көрінесіз,
Жоқ әлде қартаюға ерінесіз.
Жанардың жалын отын үнсіз оқып,
Жанымызды әкедей сезінесіз.

Жасаңыз, 100 жасаңыз, тілегіміз!
Ұл-қызына шаттанып жүрегін.
Әжім түспей, әр кіре берсін дәйім,
Бақыт апам әлдилеп нұр өнініз!

Тілек білдіруші: Балдыздары Несіпхан-Гүлшат, Назерке, Қуаныш, Тоғжан.

Қарауыл ауылының тұрғыны, ардақты әке, асыл жар, отбасымыздың алтын дінгеі Қамбаров Оралбекті 70 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Анамыз Бақытпен бірге ұрпағының тек қызығын көріп, денсаулықтары мықты болуына тілектеспіз.

Алдымдағы адастырмас жарығым,
Ғұмырыңыз бізге мәңгі тағылым.
Құшаққа алып отырсыз ұл-қызды,
Асқар таудай қалқалаған бауырын.

Дауылдар да бұза алмайды іргенді,
Сізбен, әке, әулетіміз гүлдәнді.
Талай жылдар талмай еңбек еттіңіз,
Биіктерге жетелейміз біз де енді.

Ұл-қызынның шаттығына кенеліп.
80,90,100 жасыңды көрелік.
Аман - есен әке - анам жүре бер,
Немеренің қызығына бөленіп.

Тілек білдіруші: балалары, немерелері, жиендері.



Қымбатты Лидя Рахымқызы!

Сізді қызмет деген бір белестен өтіп, құрметті демалыс деген кезенге жетуіңізбен, туылған күніңізбен құттықтаймыз.

Педагогикалық біліміңіз болмаса да, ұстаз деген ұлы есімге лайық жансыз. Өзіңіздің ерекше, айырықша дара жолыңызды сала алдыңыз.

Жинаған тәжірибенізді тәлімгер және ақылшы ретінде кейінгі жастарға жеткізуден жалыққан емессіз.

Сіз кәсіби шеберлігіңізбен, іскерлігіңізбен Абай еліне танымал болған тәжірибелі мамансыз. Абай еліне келген құрметті қонақтарға ұсынған ас мәзіріңіз кімнің де болса тандайын қақтыратындай. Бармағыңыздан бал тамған шеберлігіңізге төнтіміз.

Еткен еңбегіңіз еленіп құрметті демалысқа шығуыңыз үлкен қуаныш. Қуанышыңыз құтты болсын!

Еңбек демалысыңыздың әр күні шалқыған шаттыққа, бақытқа толы болсын. Ағайын-туыстың құрметіне, немерелердің қызығына кенеле беріңіз.

Қуаныш көктен күткен келді бұл күн,
Қызыққа жиналыпты ел-жұрт бүгін.
Тілекті өлең-жырмен ағызайық
Шашу болып шашылсын тойға бүгін.

Деніңіз сау, аман болсын басыңыз,
Тек жоғары домаласын тасыңыз!
Ел жұртының ортасында аман-сау,
Күліп ойнап жүзге келсін жасыңыз.



Ігі тілекпен: Б Байғожина атындағы ясли-бақшасының ұжымы.



“Абай елі”
Жауапкершілігі шектелуі серіктестігі
Абай аудандық
қоғамдық-саяси апталық газет

Құрылтайшысы:
Абай ауданы әкімдігі
“Абай елі” ЖШС Директор - Бас
редактор Нұржан БАЙТУСОВ
Редакцияның мекен-жайы:
070100 Қарауыл ауылы,
Құнанбай көшесі, 12-үй. Тел/факс:
9-23-43
e-mail: abay_eli_1@mail.ru
www.abayeli.kz

Газет айына төрт рет шығады.

Редакция оқырман хаттарын
қайтармайды.
Автордың мақалалары редакция-
ның көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландыру-
дың мазмұны мен мәтініне жар-
нама беруші жауапты.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 01. 07. 13 жылы тіркеліп, N 13720 - Г тіркеу куәлігі берілген.

Газет “Спектр” ЖШС баспа орталығында офсеттік тәсілмен басылып шығады. Мекен-жайы: Шугаев к-сі, 30.

Таралымы 2200 дана.
Тапсырыс №
2 Баспа табак.